

ЕЛБАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР К.МӘСІМОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Кездесу барысында К.Мәсімов Нұрсұлтан Назарбаевқа ел дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, басты мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы, сондай-ақ Жер реформасы жөніндегі комиссияның қазіргі қызметі туралы баяндады.

Мемлекет басшысы жыл соңына дейін бірқатар маңызды міндеттерді шешуді қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті.

– Біріншіден, экономикалық көрсеткіштердің төмендеуіне жол берілмеуі тиіс, ол үшін барлық жағдай жасалған, қажетті қаражаттар бөлінген, жұмыстың тиісті бағыттары анықталған. Екіншіден, астық жинау мен күзгі-қысқы кезеңге дайындық мәселелеріне назар аудару қажет. Сонымен бірге ЭКСПО-2017 көрмесі мен 2017 жылғы қысқы Универсиадаға әзірлікті жалғастыру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев елдің одан әрі индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ Елбасы жуық арада Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмыс нәтижелерін ұсынуды тапсырды.

– Тамыз айының соңында біз Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізіп, алдын ала қорытындыларын жасау және әрі қарайғы іс-қимылды айқындау үшін барлық аталған мәселелердің шешімін әзірлеуді сұраймын, – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев Гомель қаласында (Беларусь Республикасы) қазақстандық-белорус сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 12-ші отырысына қатысты.

Белорус делегациясын Премьер-министрдің бірінші орынбасары Василий Матюшевский бастады.

Тараптар мемлекетаралық ынтымақтастық жағдайы мен перспективаларын талқылады. Отырысқа қатысушылар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика, ғарыш саласындағы серіктестікті одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті.

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы ынтымақтастықты дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспарын жүзеге асыру барысын қарады.

Аталған «Жол картасы» шеңберінде 64 бірлескен өнеркәсіптік жобалар іске асырылуда, сондай-ақ өндірістік кооперацияны күшейту, тауарларды және қызметтерді өзара жеткізу, өңіраралық ынтымақтастықты, шағын және орта бизнесті дамыту және т.б. бойынша бірлескен іс-шаралар қарастырылған.

ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛАДЫ

Облыстық әкімдікте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының ұйымдастыруымен инвесторлар үшін «бір терезе» қызметін ұйымдастыру тақырыбында семинар болып өтті. Онда қатысушыларға басқарма басшысы Ринат Сұлтангереев аймақта инвестиция тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып берді.

Бұдан соң «KAZNEXINVEST» АҚ өкілі Дәурен Сатыбалдиев Қазақстан Республикасының инвестициялық климаты, елімізге инвесторларды тарту жайлы ақпарат берді. Ол инвесторлар үшін қолайлы ахуал жасалып отырғанын жеткізді. Қазақстан бұл бағыттағы рейтингін біршама жақсартта түсті. Өткен жылы 53-орында болса, биыл 41-орынға көтеріліп отыр. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлардың қатарында жеңілдетілген салық түрлері мен кедендік баж салығы, көптеген елдер азаматтары үшін визасыз режим болуы, арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы, географиялық қолайлы аймақта орналасуы секілді басқа да факторлар бар.

Семинарда Инвестициялар және даму министрлігінің сарапшылары Зарина Шахманова Данагул Дәулетова инвесторлар үшін жеңілдетілген салық түрлері мен «бір терезе» қызметінің артықшылықтары жайлы кеңінен ақпараттар берді. Сондай-ақ ХҚКО РМК Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Айнаш Нұрманова орталықта «бір терезе» қағидаты бойынша жасалып жатқан жұмыстар жайынан хабардар етті.

Семинар барысында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, оларға тиісті жауап берілді.

Ы.ТӨЖІҰЛЫ.



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ БОЛУҒА ТИІС

Жуырда ғана «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер Палатасына қызметке келгені бері бірінші іссапарын тұған елден бастаған Мұрат Әбенов экономикаға қажетті кадр дайындау мәселесін алға тартты. «Серпін-2050» бағдарламасы аясында да көптеген мағлұматтар беріп, әсіресе ауыл балаларының жоғары білім алуына мол мүмкіндіктер барын сөз етті.

Бұл бағдарлама аясында биыл колледждерге – 1100, ЖОО-ларға 3162 грант бөлінді. Былтыр барлығы 6000 орын қарастырылған болатын. Оның 1800-ін Сыр өңірінің өрендері иеленді. Биыл «Серпін» бағдарламасы бойынша орын аз бөлінуде. Шілденің 23-нен бастап құжаттар қабылдау басталады. Заңға өзгеріс енгендіктен биыл бұл бағдарламамен университеттерге тек ауылдың балалары ғана құжат тапсыра алады. Гранттардың басым бөлігі техникалық, ауыл шаруашылығы саласына бөлінсе, тағы бір жаңалық алғаш рет медицина мамандықтарына да мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Олар Қарағанды және Семей қалаларындағы оқу орындарына бөлінді. Физика пәнін таңдағандар үшін 1817 орын берілсе, биология пәні бойынша 675 орын беріліп отыр. Сондай-ақ 100 орын медицина саласына бөлінді. Химия пәнін таңдағандар үшін 210 орын алты мамандық, география пәнінен 175 орын төрт

мамандық бойынша орын беріліп отыр.

– Қазіргі күні талапкерлер оқуға құжат тапсырғанда аты белгілі мамандықтарды, үлкен қалаларды жиі таңдайды. Үміткерлер көп болғасын оқуға түсу мүмкіндігі төмендейді. Сондықтан «сәнді» мамандық таңдауға асықпау керек. Сирек мамандықтарды таңдаса, оқуға түсіп кетуге мүмкіндік мол. Өткен жылы физика пәнін таңдағандар 50 балмен-ақ оқуға түсіп кетті. Биыл қалай болатыны белгісіз. Атауы кең таралмаса да, тәуір мамандықтар бар. Соларды ажырата білу керек. Және шағын қалаларда оқудан қашпаған дұрыс. Бүгінде «Серпін» бағдарламасы бойынша 8000 бала білім алуда. Олардың көбі белсенді, өз ойын ашық айта алатын талантты жастар. Әсіресе Сырдың жастары сабақтағы оқу үлгерімі мен қоғамдық іс-шараларда өте жоғары белсенділік танытады. Екінші курстан бастап олардың өз кәсібін ашып жатқандары бар. Сондықтан «Серпінді» толық пайдалану керек, – деді Мұрат Әбенов.

Биыл талапкерлерден құжаттар 23 шілдеден бастап қабылданады. Қызылордалықтар Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың I оқу ғимаратына (Желтоқсан көшесі, 40) тапсыра алады. Толық мәліметті serpin-2050.kz сайтынан білуге болады.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

“Серпін-2050” әлеуметтік жобасы бойынша толық мағлұматты және 2016-2017 оқу жылына аймақтардағы оқу орындарына бөлінген білім гранттарының жобалық нұсқасымен газеттің 5-бетінен таныса аласыздар.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

23 ШІЛДЕ СЕНБІ 2016 жыл №109-110 (19195-19196) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

ФЕРМЕРЛЕРГЕ ПӘРМЕНДІ ҚОЛДАУ

Елімізде «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары қабылданып, халықтың төрт түлік мал өсіріп, игілігін көруіне жағдай жасалып отыр. Мемлекеттік бағдарламаларға жалағаштық шаруалар да белсене қатысуда.



«АҚБОТЛАНЫҢ» ШҰБАТЫ

Ерінбей еңбек еткеннің күні нұрлы екендігіне Қайрат Мұсабековтің әрекетінен байқар едіңіз. «Әкеден ұл туса игі, әке жолын қуса игі» демекші, сонау кеңестік қоғамның дәуірлеп тұрған жылдары Жаңақорған ауданындағы «Красная звезда» совхозының озат түйекеші Мұсабековтің есімі биік мінберлерден жиі-жиі аталып жататын-ды. Сол әке жолын бұл күндері оның ұлдары жалғастырып келеді. Түйемен бірге төрт түлікті де қатар өргізіп, «үрлеп ішіп, шайқап төгіп» жақсы да, жайлы өмір сүргендердің қатарында.

Олар бірігіп «Ақбота» шаруа қожалығын құрып, мал басын жылдан жылға молайтып келеді. Біздің бүгінгі айтарымыз, «Ақбота» шаруа қожалығының төрағасы Қайраттың жұртшылыққа ұсынған жаңа қызметі жөнінде болмақ. «Жаңа» деп айдар тақанымызбен, түйе сауып, оның сүті мен шұбатын жұртшылыққа ұсынуы бұрыннан да бар, алайда, соңғы жылдары осы қызмет көрсету аясы бір жүйеге түсіп, Мұсабековтердің қымыранына құмартатындар Жаңақорған кентінің бергі жағындағы оның қыстауына жиі-жиі соғып, ағарғанды саудалап жатады. Біршет еді деп алыссыңбай, 5-10

литрлеп алып кетушілер қатары мол. Тіпі той, жиын, тағы да басқа шараларға сусын ретінде халқымыздың ұлттық сусынын – шұбатты дастарханнаа қоятындар қатары молая түскендей. Өйткені осында сауылып күніге дайындалатын 70-80 литр шұбат сол күні-ақ, түгелсіз, ендігісіне жұртшылық тапсырыс беріп жатады.

– 30 сауын түйе күніге үш мезгіл сауылады. Бұл жұмысқа үлкен-кіші демеі бала-шағамызбен түгел жұмыламыз. Дегенде, негізгі салмақ отанасы Жанарға түседі. Оған балаларымыз Мақсат пен Бекзат, келініміз Ардақ, менің өзім де араласып кетеміз. Мал шаруашылығы көп болып атқармаса, жеке кісіге қиындау, – дейді шаруашылықтың төрағасы Қайрат Мұсабеков бізбен әңгімесінде. Қымыранды сақтайтын арнайы бөлме, салқиндатқыш ыдыс және басқа да

керекті жабдықтармен қамтамасыз етілгендігіне осы сапар барысында көз жеткіздік.

«Ақбота» шаруа қожалығындағы жалпы түйенің басы 150-ден асса, оның ішіндегі аналығы 100 бас. Ұжым мүшелері қыстау басына ерте жаздан қажетті жемшөпті жиып, алдағы қысқа дайындықтарын бекем жүргізіп жатыр. Автокөлік, тракторлары, басқа да жабдықтары сай. Мал басын көбейту мен оны күтімге алу жолында табысты еңбек етіп жатыр.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.



ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖҰМЫС БЕРГЕН БАҒДАРЛАМА

енбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру күн тәртібінде тұр. Әрі ересіссіз де емес.

Ағымдағы жылы бірінші бағыт аясында республикалық, жергілікті бюджеттен қаралған қаржыға мектеп, балабақша, 2 мәдениет нысан, кітапхана ғимаратына жөндеу жүргізілмекші. Ақсуаттағы №100 орта мектептің ғимараты орташа, «Балдырған» балабақшасы күрделі жөндеуден өткізілді. Сондай-ақ, Қазалы қаласының мәдениет үйіне, Жалантос батыр ауылындағы кітапханаға жөндеу жүргізіліп, бірқатар жұмыссызды уақытша жұмысқа тарту межеленуде. Нақты кезеңде Жалантос батыр ауылындағы кітапхана ғимаратын күрделі жөндеуге «Данияр 97» ЖШС мердігер ретінде танылды.

Жағымды жаңалықтар мұнымен шектелмейді екен. Мұраттан естіген толымды тірліктер жанымызды жадырата түсті. Әрбір кәсіпті менгеру қаржыға тірелетіні көпшілікке аян. Бұл төңіректе қазалылықтар біршама жетістіктерге жетіпті. Оған төмендегі деректер дәлел болады. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда облысы филиалының ішкі айналымындағы

қаржы есебінен, республикалық бюджеттен қаралған несиеге қанада Президентіміздің басты назарында жүретіні жалған емес. Кент және ауылдық жерлердегі жастарды жұмыспен қамтуда да ауыз толтырып айтарлықтай істер бар. Өткен 6 айда 105 адам жастар тәжірибесіне жіберіліпті. М.Бекмамбетов басқаратын орталықтың басты мақсаты жастар тәжірибесімен барған мамандарды сол қызметтеріне тұрақты орналастуға жағдай жасау болып табылады. Оған қоса жастарды қайта даярлық курстарынан өткізу, бос жұмыс орындары жәрменкесін ұйымдастыру бірінші кезекке қойылған.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

КҮРІШТІҢ ИРАНДЫҚ СОРТЫН БАПТАУДА

Қармақшы ауданындағы «Ақтөбе және К» серіктестігі күріштің жаңа сортын сынақтан өткізіп жатыр. Көктемде 20 гектар алқапқа иранның «Таром кашеми» сортын еккен шаруашылық қазіргі таңда дақылды балаша мөлелеп, күтіп-баптауда. Егіс даласындағы жаңалықтармен әріптесім Асқар Тәжиев бөліседі.

«Ақтөбе және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылғанына биыл екінші жыл. Күріш өсіруден облыста рекордтық көрсеткішке көл жеткізген серіктестік биылғы маусымда дақылдың жаңа сортын

сынауға бел буды. Шаруашылық төрағасы Иран мемлекетіне арнайы барып, нарықтағы құны жоғары жаңа сорттың өнімділігін зерттеген. «Тәжірибе тиімділігін көрсетсе, күрішті осында өсіріп, өзге елге экспорттау жоспарымыз да бар» дейді «Ақтөбе және К» ЖШС төрағасы Нұрлан Ізбаев.

Бүгінде шаруашылықтың жалпы егіс көлемі 2300 гектарды құраса, оның 1800 гектары күріштік. Сыр салысын өткен жылдағыдан 200 гектарға арттырған. Екі жүзге жуық адамды жұмыспен қамтып отырған ұжым биыл да мол өнім алудан

үмітті. Ол үшін диқандар егіс даласында бір сәт тынбастан еңбек етуде.

«Дәл осы мерзімде егіс даласындағы жұмыстарға техниканың қажеттілігі аз. Сондықтан барлық техниканы жаңа алқаптарды ашуға қолданып жатырмыз», – дейді төраға орынбасары Қалдыбек Құлмырзаев.

Бүгінде шаруалар испандық технологиямен жұмыс жасайтын лазерлік тегістеу техникаларымен ондаған жылдар бойы бос жатқан жерлерді қалпына келтіріп жатыр. Жаңа технологияның ерекшелігі сол, заманауи техника алқаптарды

тақтайдай тегістен шығады.

Қазіргі күні шаруашылық күзгі жиын-терінге әзірлікті бастап кеткен. Бір жағынан сыйымдылығы 10 мың тоннаға жететін қойманың құрылысын салып жатыр. Мақсат – ауыл еңбеккерлерінің майдай термен өсірген ел ризығын тоқпей-пашпай жинап алу. Өнім сапасын арттырып, экспорттық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруді көздеген шаруашылық алдағы уақытта күрішті ақтап, халыққа дайын өнім күйінде ұсынуды да жоспарлап отыр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Қармақшы ауданы.

● ПАРЛАМЕНТ

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ҚАДАМДАР

Шілде айының басынан Парламент Мәжілісінің депутаттары сайлаушылармен кездесу мақсатында еліміздің өңірлеріне іссапарға шықты. Осы ретте мен де жерлестеріммен кездесулер өткізудемін.

Өңірдегі қоғамдық өмірдің әр саласы бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде толық ақпарат алу үшін өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен қатар, әлеуметтік салаларда қызмет жасайтын ұжымдармен кездесу үлкен маңызға ие. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының өңірде қалай жүзеге асып жатқанына назар аудару да негізгі мақсатымыз болмақ.

Мәжіліс депутаттары Н.Жұмаділдаева, Г.Шиповскихпен бірге 11 шілдеде Шиелі ауданында болып, Шиелі кенті және Талаптан, Телікөл, Жуантобе ауылдық округтері тұрғындарымен, аудандық партия филиалы активімен, этнос өкілдерімен, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының аудандық қоғамдық келісім кеңесі, Аналар және Ардагерлер кеңесі мүшелерімен кездесулер өткізді. Бірқатар өндіріс орындары, салынып жатқан немесе күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан білім және мәдениет ошақтарымен таныстық.

Ертеңіне Қызылорда қаласындағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚКО) азаматтармен кездесіп, орталықтың жұмысын көрдік. Қазіргі таңда мамандандырылған ХҚКО бизнес-процестерді автоматтандыру, барлық дерек қор базалары мен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ, жүргізуші куәлігін беру және автокөлік құралын тіркеу үшін қажетті барлық кезеңдерді бір кешеннің шегінде біріктіру нәтижесінде осы қызметтерді қорсету уақыты орташа есеппен 2 сағатқа дейін қысқартылған. Мұнда 18 қызмет түрі көрсетіледі екен.

Орталықта депутаттар тұтынушы ретінде мемлекеттік қызмет түрін алуға жүгініп, жеке басының жүргізуші куәлігі бойынша айыпшұл бар-жоғын анықтау мақсатында тиісті қызмет түрін алды. Елбасымыз «Бүгінгі таңда еліміздің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі – әлеуметтік-экономикалық жаңғырту және қазіргі заманға сай әлеуметтік мемлекет құру» деген болатын өз Жолдауында. Біз халыққа қызмет көрсетудің болашағын баянды ету жолында тағы да бір бірегей орталықтың жұмысымен танысып, халыққа тиімді және жүйелі көрсетіліп жатқан қызметке көңіліміздің толатынын жасымдық. Орталық қызметкерлері мемлекет тарапынан жасалып жатқан игі істерге дән ризашылықтарын білдірді.

14-15 шілде күндері Арал, Қазалы аудандарында салынаын және салынып жатқан әлеуметтік-өндірістік нысандарын аралап көрдік. Еңбек ұжымдарымен, жеке кәсіпкерлермен кездесіп, тұрғындарға қоғамдық қабылдау жүргіздік.

Өздеріңізге белгілі, VI сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы 2016 жылғы 25 наурызда басталып, 30 маусымда жабылды. Сессия барысында Парламент Палаталарының 3 бірлескен отырысы, Мәжілістің 12 жалпы отырысы, 3 «үкімет сағаты», тұрақты комитеттердің 109 отырысы, заң жобалары бойынша жұмыс топтарының 160 отырысы, 7



«дөңгелек үстел», комитеттердің 3 көшпелі отырысы өткізілді. Сессия барысында 24 заң жобасы келіп түссе, оның 22-сіне Үкімет, 2-не депутаттар бастамашы болды. Бұған қоса, Мәжілістің заңнамалық қоржынында алдыңғы сайланымнан өткен 18 заң жобасы болды.

Үкімет екі заң жобасын Мәжілістен қайтарып алды. Мәжіліс сессия ішінде 13 заң жобасын қарап, мақұлдады және Парламент Сенатына жіберді. 27 заң жобасы Мәжілісте қараудың өртүрлі сатысында жатыр, олардың 7-не депутаттар бастамашы болған. Аталған кезең аралығында Мемлекет басшысы 4 заңға қол қойды. Бұл Палата қарауында жатқан заң жобаларының 10 %-на тең.

Өзім мүшесі болып табылатын Мәжілістің аграрлық мәселелер комитетінде қаралған Заң жобаларына тоқталсақ. «Жайылымдар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларында отандық мал шаруашылығын дәстүрлі түрде жүргізу үшін жана ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту және қайта жандандыру қажеттігі көрсетілген.

Заң жобалары жайылым ресурстарын, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі, елді мекендер жерлеріндегі, ортақ пайдаланылатын орман және су қорларының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріндегі, басқашы жерлердегі жайылым ресурстарын жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, жайылым пайдаланушы азаматтарды, жергілікті өкілді және атқарушы органдарды үнемі тарту арқылы, жайылым ресурстарын басқарудың жаңа тәсіліне сәйкес пайдалану мәселелерін регламенттейді.

«Жайылымдар туралы» негізгі заң жобасында мыналар:

- ауылдық елді мекендер маңы мен шалғайдағы жайылымдардағы жайылым ресурстарын басқару және пайдалану мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеу;
- үзкілетті органды, жергілікті мемлекеттік билік органдарының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретін айқындау;
- жайылымдарды пайдалану жөніндегі бірлескен қызметті жүргізу үшін жайылым пайдаланушылар бірлестігін құру;
- аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдық елді мекендер шегінде және шегінен тыс жерден жайылымдар беру және олар-

ды пайдалану тәртібін айқындау ұсынылады.

«Жер», «Орман», «Су» кодекстеріне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ветеринария туралы» және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдарға енгізілетін іслесіп түзетулер арқылы үзкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті негізгі Заңға сәйкес нақтыланады, онда мал жаю мақсатында пайдалану үшін орман, су қорларының жерінде орналасқан жайылымдар мен пайдаланымай жатқан ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану жөніндегі есептерді ұсыну көзделген.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Мәжіліске Үкіметтің 2016 жылғы 31 мамырдағы қаулысына сәйкес енгізілді. Заң жобасы Үкіметтің Заң жобалау жұмыстарының 2016 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді. Заң жобасымен ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар үш бағыт: өсімдіктер дүниесі, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша енгізіледі.

Мәселен, Заң жобасында өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау мақсатында Үкіметтің құзыреті өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешімді қабылдау және осындай алып қою көлемдерін бекіту жөніндегі нормалармен толықтырылған. Сондай-ақ, заң жобасында орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілу көлемін және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды міндетті түрде есепке алу және анықтау, мемлекеттік орман иеленушілер бойынша мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жүйе сайының көлемдерін қалыптастыру және бекіту жөніндегі нормалар нақтыланған.

Балық өсіруді дамыту мақсатында көлді-тауарлы және шарбақта балық өсіру үшін табиғи су қоймаларын беруді жеңілдететін нормалар енгізіледі. Аңшылық шаруашылығы саласында жабайы жануарлар өсірумен байланысты қарқынды аңшылық шаруашылықтарын құруды ынталандыратын нормалар көзделген.

2016 жылғы 19 сәуірде Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2014 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асыру мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізілді. Онда елдің су шаруашылығының өзекті проблемалары қозғалды, экономиканың су секторын дамыту перспективалары, мемлекеттік меншіктегі, сол сияқты жеке меншіктегі су шаруашылық құрылыстарының жай-күйі, мемлекеттік бағдарламаның жеке-жеке бағыттарын іске асыру, гидро-мелиоративтік жүйелерді пайдалану және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде үзкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара і-қимылы және оларды үйлестіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақаст, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетілген фермерлікті кооперациялау процесіне

кедергі келтіретін тосқауылдарды жою жөніндегі міндеттер тұрғысында «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңның ережелерін іске асыру мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысында ауыл шаруашылығы кооперациясы саласындағы қабылданып және жүргізіліп жатқан іс-шаралар, сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді біріктіру процесіне тарту жөніндегі пилоттық жобаларды өңірлерде құруға байланысты іс-шаралар туралы айтылды. Өз кезегінде кооператив басшылары кооперативтерді құруға және дамытуға кедергі келтіретін проблемаларды атап көрсетті. Депутаттық корпус қабылданған Заңның маңыздылығы мен өзектілігін атай отырып, бастапқы дұрыс идея оны өмірде іске асыру барысында бұрмаланатынын, осы заңнамалық актінің практикада іске асырылуына қатысты қауіптерін білдірді. Отырыс қорытындысы бойынша үзкілетті органдарға тиісті ұсынымдар жіберілді.

Биылғы 19 мамырда комитет мүшелері Ақмола облысының Целиноград ауданындағы «Родина» агрофирмасы» ЖШС-да болып, депутаттар шаруашылықтың бақтары мен бақшаларын аралады. Оларда тұрғындар мұқтажын қанағаттандыру үшін пайдаланылатын жемістер мен көкөністер өсіріледі. Қолда бар материалдан тұрғызылған парник шаруашылыққа бақтар мен бақшалар үшін, шаруашылықтың аумағын қогалдандыру үшін жеке көшеттер берсе, мұнда жеміс-бақша дақылдарына ғана емес, жасыл өкпелерге де мамандандырылған питомник бар. Бас директор И.А.Сауэр депутаттарды кәсіпорының жұмысымен таныстырды. Депутаттар мұнда ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру, әлеуметтік саланы дамыту және еңбекшілер мен олардың отбасыларының өмір сүруі мен қызмет етуі үшін қолайлы жағдай жасауда тәжірибенің жинақталғанын ерекше атап өтті.

Маусымның алғашқы күні комитетте агроөнеркәсіптік кешенде субсидиялау жүйесінің тиімділігі мәселелері талқыланып, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметов қатысушылардың мемлекеттік қолдаудың ағымдағы шаралары, өсімдік және мал шаруашылығы салаларындағы субсидиялар, мемлекеттік қолдаудың барлық бағыттарына министрлік жүргізетін талдау туралы сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берді. Өз кезегінде депутаттық корпус талқыланып отырған мәселе бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мемлекеттің міндетті түрде қолдау көрсету қажеттілігі, мұндай қолдаудың тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру, жалпы алғанда, ауылшаруашылық өнеркәсіп кешені субъектілерін қолдау саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу бөлігінде өз ұстанымдарын білдірді.

Алдағы уақытта да депутаттар халықтың әл-ауқатын жақсартуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге барынша атсалысып, ел сенімін ақтауға қызмет жасайтын болады.

Абзал ЕРАЛІЕВ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты,
Қазақстанның Еңбек Ері.

● БРИФИНГ

ЖАҢА ӨНДІРІС – ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ



Кеше Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап брифинг өткізді. Басқарма басшысы 2016 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындысына тоқталып өтті.

Алғашқы жартыжылдық қорытындысымен облыс бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 288,4 млрд теңгеге орындалып, нақты көлем индексі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 90,8 пайызды құрады. Өнеркәсіп саласының төмендеуіне аймақ өнеркәсібінің негізгі бөлігін құрайтын шикі мұнай өндіру көлемінің жылдан жылға азаюы себеп болып отыр.

Дегенмен, өңдеу өнеркәсібі саласында жылдан жылға өсу қарқыны байқалады. 2016 жылдың 6 айында өңдеу өнеркәсібі саласында 58,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,3 пайызға артты. Басқарма басшы-сы осы ретте жалпы өнеркәсіптегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 20,1 пайызды құраса, жан басына шаққандағы еңбек өнімділігі 7,8 мың долларды құрап, 38,7 пайызға артқанын жеткізді.

Р.Сұлтангереев 2010-2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірде құны 82 млрд теңгенің 17 жобасы іске қосылып, 1 мыңға жуық жұмыс орны ашылғанын еске салып өтті. Ал қазіргі күні 17 жобаның 13-і жобалық қуатында тұрақты өнім шығаруды қамтамасыз етіп отыр. Қалған жобалар жобалық қуатынан төмен көлемде жұмыс істеуде.

Брифингте Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында облыста құны 387,7 млрд теңгені құрайтын 50 жоба іске асырылып, 5 мыңнан аса жұмыс орынын құрылуы күтілуде екені айтылды. Биылғы жылы өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында инвестиция көлемі 2 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 351 жұмыс орнымен қамтитын 8 жобаның іске қосылуы жоспарланған. Оның үшеуі бүгінде іске қосылды.

Ал республикалық карта аясында «Шыны зауыты» жобасы іске асырылуда. Жоба құны 36,7 млрд теңге. Жобаның жүзеге асуымен 310 жұмыс орны ашылады. Зауыт жылына 179100 тонна табакша шыны шығарады. Зауыт құрылысы 2017 жылдың II тоқсанында аяқталды деп жоспарланған. Сонымен қатар, ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне жалпы құны 158,1 млрд теңгені құрайтын екі жоба – «Шалқия» кеңішін игеру және кальцийлендірілген сода шығару жобалары жолданып, оларды республикалық индустрияландыру картасына қосу бағытындағы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Басқарма басшысы алдағы кезеңде аталған жобалар Өнеркәсіп қауіпсіздігі кеңесінде қаралып, республикалық Индустрияландыру картасына қосылатынын жеткізді.

Р.Сұлтангереев брифинг соңында облыс көлемінде 2016 жылы Индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде жаңа өндірістерді ашу, жаңа жұмыс орындарын құру, инвестициялық жобаларды іске асыруға инвесторлар тарту жұмыстары өз жалғасын табатынын мәлімдеді.

Ы.ТҮРЛҮГҮЛОВ.

Суретті түсірген: Н.НҰРЖАУБАЙ.

ТУРИСТЕРГЕ ТӨР ДАЙЫН

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Досжанов биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы брифингте кеініп тарқатып берді.

Бүгінде облыста белгілі бір кәсіппен айналысып, шаруасын өрге домалатып жатқан кәсіпкерлер саны артып келеді. Оларға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдіктер де аз емес. Жалпы, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, биылғы жылдың 1 маусымына дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 47 175 бірлікті құраған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға артқан. Сонымен қатар 2015 жылы шағын және орта кәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны 86300 адам болса, ал өндірілген өнім көлемі 249 млрд теңгеге жеткен. Ашылған кәсіпорындар жұмысы алға басып, өндірілген өніммен қатар жұмыс көзіне айнауда. Осы ретте аймақта шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша облыс әкімі жанынан құрылған Кәсіпкерлер кеңесі де жүйелі жұмыс жасап келеді. Кәсіпкерлік кеңесте бизнесті қолдау инфрақұрылымын дамыту, инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы, жекешелендіру және экономикалық бәсеке-кестіктің ынталандыру мәселелері қаралған.

Тағы бір айта кетерлігі, облыс әкімдігі және «ALKYA SOLAR SARL» компаниясының басқарушы директоры Жан Люка Збиро «KEIS» компаниясының басқарушы директоры Т.Батырқожа «Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы 100МВт-қа кеңейтілген 50МВт-тық күн сәулесі станциясының құрылысы» жобасын іске асыруға бағытталған ұшжақты меморандумға қол қойылды. Бұл ауқымды жоба болмақ. Сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлерді қолдауға 2016 жылы 1675,7 млн теңге бөлінді. Бұл өткен жылға қарағанда екі есе ұлғайған. Ал, «Микробизнес-Қызылорда» жобасы мен «Даму-Аймақтар» бағдарламасы шеңберінде

кәсіпкерлер жеңілдетілген, төменгі пайызбен несие алуға қол жеткізді.

Брифинг барысында А.Досжанов биылғы жылдың қантар-наурыз айы аралығында облысқа келген туристер саны 9495 адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 7,3 пайызға артқанын және облыста туризм сала-сын дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымдылығына тоқталды. Бүгінде облыс бойынша 15 туристік бағыт бекітілген. Осы жылдың басынан бастап алғаш рет 7 отандық туроператор «Байқоңыр» кешені бойынша турлар ұйымдастыру және оларды сату құқығына ие болды. Сонымен бірге «Байқоңыр» кешенінің қонақтары үшін кешенді сервистік қызметті ұйымдастыру негізінде Төртатав кентіндегі Елшібай станицясында 5 га аумақты қамтитын туристік аймақ құру жоспарлануда. Келушілердің көзайымына айналған «Қорық ата мемориалды кешенінің» жанынан Этноауыл жобасы да іске қосылды. «Қамбаш» көліне келушілер саны да жыл са-нап артуда.

Осы ретте туризмді дамыту мақсатында «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында микробизнестің 4 субъектісі жалпы құны 14 млн теңгені құрайтын қайтарымсыз гранттар алды.

Сыр еліне келуші туристер үшін тарихы терең, сырлы әлі де толық ашылмаған тарихи қалалар мен ем алу орындары үлкен сұранысқа ие. Жалпы, бұл салалда атқарылып жатқан жұмыстар жалғасын жүйелі түрде таба беретін болады. Айта кетерлігі, басқарма басшысының міндетін атқарушы А.Мамсұтұлы «ӘКСЮП - 2017» көрмесі жайында кеңінен тарқатып өтті.

Жыны соңында журналистер тарапынан сұрақтар қойылып, оған тиісті жауап берілді.

Сара АДАЙБАЕВА.

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛҢАНСЫ» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА ЖАҢА ТӨРАЙЫМ САЙЛАНДЫ

2016 жылғы 16 шілдеде «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығына мүше 40-тан астам үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен жалпы жиналыс өткізілді.

Аталған жиналысқа Қауымдастықтың құрылтайшысы Құдайбергенов Қазыбай Құдайбергеноұлы төрағалық етті. Басқосуда Қауымдастық төрайымы Ә. Ж. Әбдіхалықованың қызметтен босату туралы өтініші қанағаттандырылып, облыстағы бірқатар ҰЕҰ-ның жетекшілерінен түскен ұсыныстар мен жалпы жиналыстың қаулысына сәйкес, «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының жана төрайымы болып Сунгур Ақтоқлы Шереханқызы тағайындалды.

Сунгур Ақтоқлы Шереханқызы 1981 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2001 жылы Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін қаржыгер-анттар мамандығы бойынша бітірген. Қызмет жолын 2001 жылы Қызылорда облысының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі басқармасының маманы болып бастаған. 2002 жылы Қызылорда облысы бойынша Салық комитетінің бюджет есептемелеріне бол-жам және талдау жасау бөлімінде жетекші маман, Қызылорда об-лысы бойынша Салық комитетінің кадр және персоналды оқыту бөлімінің бас маманы, бөлім басшысының міндетін атқарушы, 2003 жылы ақпиздерді әкімшілендіру басқармасының бас ин-спекторы, 2003-2005 жылдары ҚР Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік өңірлер бойынша №1 аймақаралық салық комитетінің аудит бөлімінің кадр мәселелері бойынша бас маманы, 2005 жылы облыс әкімінің баспасөз хатшысы, 2006 жылы «Best» компаниясының кадр мен жұмыс сапа бақылау және ішкі аудит басқармасының бастығы, «Best» компаниясының қоғаммен байла-ныс және кадр қызметі басқармасының бастығы, «Best» топтасқан компаниялары жетекшісінің көмекшісі, «Best» топтасқан компанияларының қоғаммен байланыс басшысының кеңесшісі, 2007 жылдан осы кезге дейін облыс дамуына дем беріп келе жатқан, бүгінде әлеуметтің әлсіз топта-рын қолдаумен шектелмей, аймақтағы бірқатар жобаларға демеушілік көрсетіп келген «Ігілік» Корпоративтік қорының директоры қызметін абыроймен атқарды.

Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы.

МЕДИАЦИЯ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛЕНЕДІ

Жуырда «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының ұйымдастыруымен «Медиация институтының қызметін ілгерілету, тәжірибелері мен мәселелері» атты тақырыпта «дөңгелек үстел» өтті. Оған құқық қорғау саласының мамандары, білім басқармасының өкiлдері, облыстық адвокаттар алқасы, медиаторлар одағының қызметкерлері, өңіріміздегі кәсіби және кәсіби емес медиаторлар мен өзге де сала мамандары қатысты.

Шараны «Қоғамдық келісім» КММ директоры У.Ыбраев ашып, өткізіліп отырған жиынның маңыздылығы жайында кеңінен айтып берді. Мұнан кейін «Tuga bi» медиация және сот әділдігін қалпына келтіру» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының директоры Нұрлан Нұрғалиев аталған заңды тиісті органдар бірлесе атқарып, оның тиімділігін халық арасында жоғары деңгейде насихатталуын алға тартты. Одан әрі сөз алған ҚФОФ «Арұлы» қоғамдық қорының жетекшісі Елена Захарченко мен кәсіби емес медиатор Талғат Сақтағанов осы бағытта өздерінің атқарып жатқан жұмыстарымен бөлісті.

Жалпы, өткен жылы елімізде медиация институтының маңыздылығы мемлекеттік деңгейде қаралып, аса мән берілген болатын. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасында медиация жұмысының жаңа бағыттарын дамыту көзделген. Қазіргі кезде еліміздің барлық аймағында «Достық үйі» жа-нынан медиация кабинеттері ашылып, жүйелі жұмыс жасап келеді.

Жыны барысында қатысушылар түсіндірме жұмыстарын алдағы уақытта ауыл, аудан мен қала деңгейінде ұйымдастырып отыратынын да назардан тыс қалдырмады. Болған істі сотқа жеткізбей, дау-жанжалсыз, өзара ынтымақпен шешу әдісі біздің ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан игі іс екені белгілі.

Сонымен қатар жиналғандар ұсыныстарын білдіріп, еркін пікір алмасты.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТҮШІН КӘСІБИ КАДРЛАР

Облыстық ішкі саясат басқармасының жастар ресурстық орталығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша департаменті мен «Самұрық» инновациялық идеяларды да-мыту орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Кәсіби мемлекет үшін кәсіби кадрлар» тақырыбында брифинг өтті. Жиында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі облыс бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметі басқармасының басшысы Ғалымжан Ілкібаев ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-Ұ Заңының негізгі ережелері мен мемлекеттік қызметтің құрылуы және оның дамуының негізгі кезеңдерін атап өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бағыттарына тоқталды. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін таныстыру мақсатындағы шаралар алдағы уақытта жалғасын табаты

● ДІН МЕН ДІЛ

Азаттық алып, тәуелсіздіктің ақ таны атқан соң ешкімге жалтақтамай, өшкенімзді жаңғыртып, тіліміз бен дінімізді түзедік. Құдайдан үмітін үзбеген Мұхаммед үмметінің санаты күн санап артып жатқанына шүкірлік еттік.

Ыстамбұл қаласындағы «Ыстамбұл» университетіне магистрлік оқуға бaрып, көктемнің жаймашуақ күндерінде іс-тәжірибеден өткен едім. Мамыражай жатқан елді көріп, өз елімізде жүргендей әсерде болдық. Ыстамбұлға әртүрлі максатпен сырттан келіп-кетіп жатқан шетелдік мыңдаған туристерді түрік халқы жатырқап та, жатысып та жатқан жоқ. Ал біз білетін бір ақиқат – қазақ пен түрік – ежелден ағайын, бауырлас халық. Еліміз тәуелсіздігін алғанда, тәуелсіздігімізді мойындап, алдымен риясыз тілектестігін білдірген де Түрік елі болатын. Әрине, екі ел арасындағы

Енді, міне, кеше ғана Алматы қаласында болған қанды оқиға тағы да тыныштығымызды бұзып, дабыл қақтыруда. Әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жарияланған суреттерден бұл әрекеттің де «авторлары» дін атын жамылған содырлар екені байқалады. Қандықаракшыларды бейбіт елдің тұрғындарына оқ атуға «мәжбүрлеген» не екен? Көкейде жауабын күткен сұрақтар көп! Еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілікке қауіп төндірген қаныпәзерлердің көкесені не болды екен?..

Ұлы Жаратушы «Атраф» сүресінде: **«Жер бетінде тыныштық орнғаннан кейін**

БІР КҮНГІ ҰРЫСТЫҢ ҚЫРЫҚ КҮН КЕСІРІН КӨРМЕЙІК...

достықтың тамыры тереңде жатқаны мәлім, бастысы тыныштық пен береке-бірілік болса, әлі талай асуларды алатыны анық.

Қазақ атамыз «Бір күнгі ұрыстың қырық күн кесірі болады», – деп бекер айтпаған. Өткен аптада Түркияда әскери төңкеріс жасамақ болған бүлікшілер туралы естігенде, түбі бір туысқан халықтың жағдайы бізді де бей жай қалдырмады. Қай уақытта, қай елде болмасын тыныштықтан асқан береке жоқ екені белгілі, дінгегі берік ел атанған бауырлас түрік халқына әрдайым тыныштық пен тұрақтылық тілейміз.

БЕЙБІТ КҮНДЕ НЕГЕ ОҚ АТЫЛДЫ?..

Бүгінде бүкіл әлемді лаңкестіктің елесі кезіп жүр. Осы айдың өзінде Ататүрік атындағы (Түркия) әуесжайында, Ницца-да (Франция), Бельгияда, Иеменде орын алған лаңкестік әрекеттер әлемді тағы бір дүр сілкіндірді. Қаншама жазықсыз жан-дар жапа шекті, жақындарынан айырылды. Бұрын мұндай сұмдық әрекеттер бола қалған жағдайда бүкіл әлемді дүр сілкіндіретін. Енді айтуға ауыз бармайтын сондай басыздықтар тұрақтылық пен төзімділікті тү өткен қазақ ласында да орын алды. Бүлікшілер сыртқы жау емес, өзіміздің қандас бауырларымыз болғаны жан ауыртады. Еркін, азат елдің ішінде жүріп «еркіндікті» теріс жолға пайдаланып, арам әрекеттерге барғандар екен. Бұған дейін Тараз, Ақтөбе (2011 ж) қалаларында орын алған терактінің зардаптарын ұмыта алмай жүргенде, Ақтөбе қаласында (2016 ж) өткен айда орын алған лаңкесшілердің әрекеттері төбемізден жай түскендей етті. Әрине, мұндай қайғылы жағдайдың болуы – өте өкінішті, қаншама жазықсыз азаматтарымыз соңа тапты...

Бұл сойқанның дін атын жамылған радикалды және теріс пиғылды ағымдардың белсенді әрекеті екені жария болды. Ресми органдардың мәлімдегендей, бұл қанды оқиғаны ұйымдастырушылар ислам атын жамылған салафиттер екені белгілі болды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбеде болған терактіні «дәстүрлі емес діни ағым – салафизмнің зұлымдық әрекеті» деп айыптады. Салафилік ұйым дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырған рухани құндылықтарды құйретуе бағытталып, ішкі тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Елімізде жылдар бойы үздіксіз әрі астыртын, ел санасын оңай жаулау үшін дінинің атын жамылып жүргізген әрекеттер тұрғын халықты ай-құнның аманында иманынан жаңылдырып, аса қауіпті әрекеттерге ұрындырады.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бақпасаң, мал кетеді

Алдындағы малыңмен бірге жусан, бірге өрмесең қыян қазір. Өйткені, өзгенің төрт түлігіне көз алартатындар көп. Өрістеріңе – өрістен, қорадағысың қорадан өңгеріп әкетеді. Әсіресе, бақташысыз жайылым жүрген малды барымтау оңқалары екі күннің бірінде тіркеледі. Оның арты сабылып іздеу, дау-дамай.

«Бақпасаң – мал, қарамасаң қатын кетеді» деп қазақ бекер айтқан ба, төрт түлік төңірегіндегі айқай-шудың көпшілігі қараусыз кеткеннің кесірінен болады. Көзіміз күнде көріп жүр, басқаны айтпағанда, мына «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің үсті жылқы-сиырдан босамайды. Автобус күтіп тұрғандай аялдаманы көлеңкелейді, жол үстін бұлғайды, қоршаулардан секіреді, сындырады. Одан бөлек қозғалысқа келергі келтіреді, көлік астына түсіп мерт болады, ең өкініштісі, малға соғылған көліктердің жолаушылары қайтыс болған деректер жоқ емес, бар. Әнекей, малды қараусыз жіберудің кесірі қандай?! Ондайлардың егелері қара-тұяғын жоғалтып қана қоймай, жұртқа зиян тигізіп отыр. Ал, көзімгідей мал құсап жайылымда жүргендердің халі нешік? Бір әзіл еске түсіп отыр. Ертгеректе ат мінген үшеу жол жүріп келе жатып, айдалаға түнепті. Жаттарда әлігі үшеудің бірі атын шідерлеп жатты: «Е, Алла, өзін жар бола гөр», - деп сыйынып-жалбарынса керек. Екіншісі де осындай әрекет жасапты. Сонда, үшіншісі тұлпарын өрелеп болып: «Алла тағалаға ат бақ дегенім ұят шығар, неде болса басыңа жазғанын көрерсің», - деп тұлпарының сауырынан сипап қос салса керек. Сол сияқты, жайылымда жүрген жарықтық

жануарларды қарап отырсаңыз, құлды кожайыны Аллаға аманаттап жіберген сияқты. Күндегі өрісіне бақташысыз барып-келеді. Үнемі ондай мамыражай заман қайдан болсын, бір күні болмаса, бір күні қорасына қайтпай қалады. Содан кейін сауып отырған сиырын іздеп егесі сай-саланы, ықпыл-жықпылды тінтуіне екі-үш күн жұмсайды. Құмалақ салдырады, өйтеді-бүйтеді, әбден күдерін үзген соң полицияға арыз жазады. Ал, тауып көрсін төртіп сақшылары! Бақташысыз жайылғанның нәтижесінде үйір-үйір жылқысынан, табын-табын сиырынан айырылып отырғандар да бар. Осы сөтте «бақпасаң, мал кетеді» дегенді тағы бір қайталап жіберсек, артық болмас, сірә!

Ұрлық жоқ ауылдан үлгі алайық

Облыстық прокуратураның баспасөз хатшысы Ботагөз Сейілдің айтуынша, жыл сайын мал ұрлығының саны артып келеді. Нақтыласак, 2013 жылы тіркелген ұрлық қылмыстарындағы мал ұрлығының өзіндік үлесі 10 пайыз болса, бұл көрсеткіш 2014 жылы 13 пайызға, 2015 жылы 14 пайызға көбейген.

Енді не істемек керек? Барымташылардың білгенін істеп қоюына қарсы тұру үшін қандай шара қолданған ләзім? Бұл мақсатта облыстық прокуратура мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, мал ұрлығына қарсы іс-қимылдың Жол картасы жобасы әзірленіп, облыс әкімімен бекітілген-ді. Облыстық прокуратураның баспасөз хатшысы осы Жол картасы жобасын жүзеге асыру барысында бірнеше мәселелердің кездескенін және олардың шешу жолдарын санамалап берді. Енді соған тоқталсақ...

Біріншіден, төрт түліктің санағы дұрыс

ғаламторды ермегіне айналдырғандықтан, өз еркін жеңе алмаған кейбір жастарымыз шетін уағыздарды тыңдап, шала-жансар «діндар» болды. «Ештен кеш жақсы» деген, ендіше, ел ішінде адасып жүрген азаматтарымызды жат ағымдардың ықпалынан арашалап, оларды қорғау, адасқандарды ақылаға шақыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Мұхаммед пайғамбар: «Дінде шектен шықпаңдар, шектен шығу құрлымға кетіреді», – деген. Бір елді ғана емес, бүкіл әлемді аландатып отырған экстремистік және лаңкестік әрекеттер шектен шығушылықтың салдарынан болып отыр. Ел ішіне іріткі салып, дүрбелең туғызып жүрген шетін көзқарастағылар өз арының алдында да, Алла алдында да жауапсыз қалмайтынын білгені жөн.



халқымызбен бірге болып, оlara кезеңде береке-бірлігімізге сызат түсіріп алмайық

ИЛЕГЕНІМІЗ – «БІР ТЕРІНІҢ ПҰШПАҒЫ»

Иә, бәріміздің илегеніміз – «бір терінің пұшпағы». Сондықтан ел ішіндегі тыныштықты, ауызбірлікті сақтап, ұйымшылдыққа ұйытқы болуға үлес қосу – әрбір ел азаматтарының азаматтық міндеті. Қасиетті Құранда: «Алла бүлік шығарушыларды сүймейді», – деп айтылған аят бар («Мәйде» сүресі, 64-аят). Жаратушының қузырында құп көрілмеген әрекет халқы арасында да хош көрілмейді. Бұл – ақиқат!

Сахаба Һузайфа (р.а.) былай дейді: «Адамдар Алла елшісінен (с.ғ.с.) жақсылық жайлы сұрайтын. Ал, мен сақтанып жүрейін деп жамандық не екенін сұрайтынмын».

– Бір күні мен: «Ұа, Алла елшісі! Расында біз надандықта болдық. Алла бізге Исламды берді. Осы жақсылықтан кейін бір жамандық бар ма?» - деп сұрадым.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иә», - деді. Мен: «Сол жамандықтан кейін бір жақсылық бола ма?» - дедім.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иә, бірақ бір бұлыңғырлық бар», - деді.

Мен: «Ол бұлыңғырлық не?» - деп сұрадым. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Адамдар тура жолда әрең жүреді», - деді.

Мен: «Осы жақсылықтан кейін тағы бір жамандық бола ма?» - дедім.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иә, тозақ есіктеріне шақырушылар болады. Кім оларға ілессе, тозаққа құлайды», - деді.

Мен: «Ұа, Алла елшісі! Оларды бізге сурет-теп беріңіз», - дедім.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Олар біздің нәсілден болады, біздің тілімізде сөйлейді», - деді.

Мен: «Егер сол уақытта өмір сүрсем, не істеуім керек?» - дедім.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Мұсылмандар жамағатымен және басшысымен бірге бол», - деді.

Мен: «Мұсылмандардың жамағаты және басшысы болмаса ше?» - дедім.

Пайғамбар: «Ол топтардың барлығынан оқшау жүр, жолама. Тіпті, ажалын келгенше ағаштың тамырын тісіңмен тістеп жатып алсаң да, сол күйде бол», - деп ескертті. (Бұхари, Мусули, Термизи).

Дін – нәзік мәселе, сондықтан ол туралы кесіп пікір айтуға болмайды. Осы хадисте айтылғанды дәл қазір бастан өткеріп отырғандаймыз. Сондықтан, елдігіміз сыңға түскен қазіргі шақта алауыздыққа тосқауыл қойып, бір-бірімізге жақындай түскеніміз абзал. Елінің қамын жеген Елбасымызбен,

БАРЫМТА МЕН ҚАРЫМТА

мал ұрлығы неге азаймай отыр?

жүргізілмейді. Құжаты жоқ малдың қолды болуы оңай, қағаз сөйлеген заманда сырға салынбаған малынның сұрауын қалай сұрасарсың. Қысқасы, облыстың барлық аудандарында құжатысыз жүрген мал жетеді. Облыстық прокуратура өкілі ұрлықтың алдын алу үшін әрбір малды есепке алып, есептен шығару жағын пысықтау керектігін айтады.

Екіншіден, жоғарыда айтып өткеніміздей, малды бақташымен бағу бағытындағы ұйымдастыру жұмыстары көңіл көншітпейді. Мәліметтерге сүйенсек, соңғы үш жылда тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларына қатысты ұрлық қылмыстарының 72%-ы немесе 1573-і малдың жайылымда қараусыз жүрген жерінен ұрланған. «Мал егелерінде мынадай теріс түсінік бар, - дейді Ботагөз Сейіл, - құжатсыз, бақылаусыз жайылымнан жоғалған немесе ұрланған малды мемлекет іздеп табуға және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту шараларын қолдануға міндетті дейді. Бұл – қате пікір».

Түсіңген адамға малды бақташымен бағатын заман әлдеқашан туған. Бұл орай-



да өзгеге үлгі болып отырған ауылдар Қызылорда облысында негізі жоқ емес, бар. Мәселен, Шиели ауданындағы Бексеганов пен Қодаманов елді мекендерінің

«арызды тіркеу немесе тіркемеу өзіміздің құқығымыз» деген жауап берсе, мал несі қандай жағдайда болатындығы айтпаса да

ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫНДА ҚАНАТЫН ҚАТАЙТҚАН

Жазғы демалысында құрылыс жұмысына араласып, таңнан қара кешке дейін тынымсыз еңбектенген жастардың жұмысымен танысуды жөн санап, Тасбөгет кентіндегі балалар ауруханасының құрылыс алаңына жол тарттық. Мұнда қайнаған еңбек. Құрылыс жасақтарының сарбаздары жұмысқа қызу кіріскен. Бірі дәнекерлеумен айналысса, бірі сылақ сылауда.

Нұрсұлтан Ахметов студент кезінен “Жас құрылысшылар” еңбек жасағанда жұмыс істейді. Биыл тұрақты жұмысқа орнала-сып, дәнекерлеуші қызметін атқаруда. Жұмыстан тыс уақытында студенттік жасақтар арасында мәдени, спорттық шаралар ұйымдастыруға атсалысады.

– Болашағымды осы мамандықпен байланыстырғым келетіндіктен бар күш-жігерімді қаланың көркіні келістіріп, әсем ғимараттардың бой көтеруіне жұмсағым келеді. Айлық жалақым өзіме жеткілікті, 70 мың теңге көлемінде, – дейді ол.

Бес жыл көлемінде құрылыс саласында жүрген сарбаз Ернұр Айғараев та осы саланың қыр-сырын бес саусағындай білетінін көрсетті.

– Кез келген адам өз күнін өзі көруі керек.

Нарықтық заманның басты талабы осы. Сондықтан жастардың еңбексүйгіш болғаны жақсы. Өйткені, туған жеріміздің мәртебесін көтеретін біздер, – дейді Ернұр.

Бүгінде “Жас құрылысшылар” еңбек жасақтарына облыс бойынша 200-ге жуық жас тартылған. Жасақ жетекшісі Сәдірбек Жұмабековтың айтуынша, жыл өткен сайын еңбек етемін деген жастардың қатары артып келеді. Тұрақты жұмысқа орналасып, өмірден өз орын тапқандар да аз емес.

– Құрылыс жасағы – бұл еңбек майданы. Себебі мұнда еңбекке етене араласып, шындалуға болады. Тіпті кейбір жастар осында жүріп құрылыстың қыр-сырын жетік меңгеріп, жалақысы жоғары жұмыстарға ауысып жатыр. Биыл жастардың басым бөлігі әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізіп жатқан 15 мекемеге жіберілді. Қазір олар “Дәнекер” ЖШС, “Абу-Сер”, “Азия Даму LTD” ЖШС мен “Қызылорда су жүйесі” МКК, Шиели аудандық орман шаруашылығы секілігі мекемелерде жұмыс жасауда. Жұырда аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлының қатысуымен өткен жиында жастарды еңбекке тарту мәселесі сөз болды. Соның нәтижесінде 516 құрылысшы жұмысқа орналасу жолдамасын алғанын да айту керек, – дейді С.Жұмабеков.

Еңбекті тү етіп, қаланың көркеюіне өз үлесін қосуды парызым деп санайтын жастарды көріп, көз қуанады. Осындай белсенді, еңбекқор жастары бар елдің келешегі кемел.

Мәдір СНАДИН.



Қазақстанның халық жазушысы, титан-драматург Қалтай ағаның туысы әрі оның шығармаларымен біршама хабардар інісі болғанмен, оның өмірінің кейбір тұстарынан хабарымыз шамалы екен. Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың тікелей ұсынысымен, Қал-ағаның жеке кітапханасы Қызылорданың Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап кітапханасына көшіріліп келіп, оған арнайы зал беріліп, соған ғылыми кеңесші ретінде жұмыс жасай бастағалы аға өмірі жайлы көп жәйттерге қаныға бастағандаймыз. Оның үстіне Жәмила Қалтайқызы қарындасымын ешкімге бермей сарымайдай сақтаған әкесінің қолжазбаларын маған ұсынғаны, аға өмірінің қилы-қилы қиын сәттеріне байланысты танымдық географиям да кеңейе түсті. Қалтай ағаның қолжазбаларымен таныса келе оның өмірдің талай қокайларына қасқая қарап, оларға қарсы тұрып қалыптасқан қайсар тұлға екеніне көзіміз жетті. Сондықтан ұлылар арасындағы кейбір кикілжіңдерді кері айналдырмай, ешкімнің ар-оқаданына тиіспей, олардың болмысының бояуын өзгертпей, нақты дәлелдемелер мен дәйектемелер арқылы баяндауды мақсат еттім.

Қалтай аға тағдырының ауырталлық бастауы – әкесінің жазықсыз «халық жауы» атанып, 1937 жылы

«Қазак» кітап баспасынан шыққан С.Мұқановтың «Сырдария» романына (ҚБМБ.525б.) айтқан көптеген дәлелді сындары беделді автордың аталған романды қайта жөндеп бастыруға итермелегенін кім ұнатсын?! Оның үстіне қазақ жазушыларының классигіне келелі сын айтуға 26 жастағы Қалтайдың ғана жүрегі лауалаған-ау, сірә! Бұдан басқа да біраз драматургтердің шығармаларын сынаған Қалағана бұл жанрдың корифейі Шахмет Құсайынов: «Біздерді сынай бергенше өзің ең болмаса бір актілі пьеса жазып көрсейші, сонда түсінесін», - деген ескертпесі оның бірыңғай драма жанрына ойысуына себеп болады. 1966 жылғы наурыз айында өткен Қазақстан Жазушылар Одағының пленумында Ғабит Мүсіреповтің дуалы ауызымен Қалжан Нұрмахановпен (1927-1963), Қажғұмар Қуандықовқа, Қалтай Мұхамеджановқа (1928-2001) «жас нигилистер» деген айдар тағылады. Бұл туралы Қалаған: «Албырттықпен аузымызға келгенді айтып, қаламымызға ілінгеннің бәрін шата берсек керек. Жасыратыны жоқ ұлы ұстаздың бұл айтқаны бізге өмірлік сабақ болды», - деп жазыпты.

К.Мұхамеджановтың драматургия саласындағы төл шығармасы «Бөлтірік бөрік астында» комедиясы 1959 жылы ақпан айында М.Әуезов атындағы

әкесі Мұхамеджан пірдардың абақтыда бір түнөп үлгермей жатып, өзгелерге орын босату үшін сотсыз, тергеусіз атылып кеткенін өз көзімен көргенін жылап тұрып естіртіп: «Қайдасың, Қалтайжан?! Бұдан хабарың бар ма еді?» - деп сұрағанда, әншейінде әзілшек жазушы состия қарап: «Естіп тұрмын, білемін, ағас» - деп саң ете қалып еді. Қалағаның саң еткен даусын 1962 жылы жазып бітірген «Менің дертім» драмасы айтқызған болатын. Қабылдануы қабылданғанмен, театрларда қойылған жоқ. Оның әуелде сахнаға жол тартпауы, біріншіден, сонау отызыншы жылдардың репрессиясына қатысы бар бірталай адамдардың әр алуан әкімшілік лауазымдарында әлі де нық отырғандығынан болатын. Екіншіден, солардың бағығ қолдары ұзын, ықпалдары салмақты екендігі өз-өзінен түсінікті еді. Үшіншіден, ең бастысы әдебиет пен өнерде, сол төңіректе еңбектерімен көзге түсіп жүрген немесе бұрынғы тіршіліктерінің сарқытын малданып ішіп жүргендер сонау жылдардың санаға салған үрейінен арылмаған еді.

«Менің дертім» драмасы кейін «Біз періште емеспіз» деген атпен Ғ.Мүсіреповтің басқаруымен Жазушылар одағында талқылауда жоғары баға алып, театрға ұсынылады. Біреулердің «сыбырымен»

ге саяды. Пьесаны ОК 1-ші хатшысы Смаил Юсупов сахнаға қойдырмаса (1964 ж.) да, 25 жылдан кейін сол лауазымдағы Ғ.В.Колбин (1988ж) сахнаға қойылуына рұқсат етеді. Ақпан айында өткен спектакльдің бірінші премьерасына Ғ.В.Колбин, МҚК- төрағасы Мирошник, Алматы қалалық партия комитетінің 1-ші хатшысы – Романовтар келіп қатысады. 1986-шы жылдың желтоқсанының ызғарының басылмай тұрғандығынан залдағы көрмендердің қол шапалақтары 1-катарда отырған жоғарыда аталған лауазым иелерінің беттерін түрпідей өпкендей әсер қалдырады.

Спектакль аяқталған кезде театр басшыларының дайындаған дастарханынан ауыз тимей, асығыс шыққан лауазым иелерінен: «смелая, интересная вещь» (Колбин); «оказывается у нас есть свой Шатров» (Романов): «да, понятно...» (Мирошник) деген қысқа тұжырымдардан басқа көпшілікке ештеңе қалмайды. МҚК төрағасының «ия... түсінікті» деген зілді қайыруынан кейін пьесаның басқа театрларға қойылуына тыйым салыналы.

Тарихи хронологиясына қарағанда 1966 жылы жазылып, келесі жылы сахаланған Қалағаның «Жат елде» драмасы еш талаз-тартыссыз, айқайшусыз көрермендерге жеткендей көрінеді. Үкімет

көрді, т.б. негізсіз жалған жалалар тізілген. Біздің қолымызда Қалағаның 5 беттен, 11 пункттен тұратын жазбаша жауабында жалалардың түгелдей негізсіз екенін дәлелдеп берген жазбаша түсінігі бар.

Қалағаның қанымен берілген қасиеті – ақындық. Бірақ ол әкесі ұстанған бұл жолға бармай – драма саласынан аутықмай кетті ғой. Дегенмен, шексіз қуаныш пен күрсінуды шынайы ақын шабатын қамшылайтыны белгілі. Содан да болар, Қалағаның қолжазбаларында осы жаалаға байланысты 48 жолдан тұратын өлең жолдарын кездестірдім. Оның толық мәтіні «Сыр бойы» газетіне шықты. Өлең:

«Көк айыл, көкбет, қыңыр, көпей мылқан,
Нұсқасы сырты жылытыр іші кірдің.
Сандалып Сократтан бастасаң да,
Аянбай арамзалық дәурен сүрдің.

Жантақтың жұрнағы едің тірі жүрген,
Айбат қып айдаһарға кесіртке ілген.
Әуелде жаралған соң таланттан түл,
Сорлы едің айға ұлып, жұлдызға үрген», - деп басталады.

Әлемді дүр сілкіндірген қазіргі 25 жылдық тәуелсіздігіміздің бастауы болған 1986 жылдың желтоқсанында Қалтай ағадан артық зәбір көргендер санаулы-ақ шығар. Көпшілік оқырман оны да білсін деп айтып отырмын. Бұл оқиғаны ең жақын туыстарының өзі – біздер кейін білдік. Өйткені Қалағаның күлкісі мен келбеті, шырайы мен шыдамы іште алаулап жанған күйігін біздірмеген ғой! Айтайын.

Алтай Мұхамеджанов – Қалағаның жалғыз ұлы. Ол Қарағандының Ішкі істер министрлігінің Жоғары милиция мектебін (1978 ж.), 1982 жылы Мәскеудегі КСРО Ішкі істер Министрлігінің академиясын тәмамдап, сонда кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1986 жылы желтоқсанда Алматыдағы министрліктің нашоқорлармен күрес бөлімі бастығының капитан шеніндегі орынбасары болатын. Сол жылдың 17 желтоқсанында Алтай іздегізру бөлімі бастығының орынбасары, полковник Рахым Меңдешевпен формасыз алаңда болады. Кешкілік алаңдағы шеруші жастарды күшпен басу әрекеттері басталып кетеді. Алаңның қарсы бетіндегі агропром үйінің алдында Ө.Мәмбетовті – алты милиционер резина сойылмен ұрып, соққыға жығып жатқан жерінен Алтай араласып, құтқарып қалады. Алматыдағы жоғары милиция мектебінің курсанттарына басшылық жасап тұрған подполковник Плясуляны танып, түсінік жазып береді. Обком, Ішкі істер министрлігі, республикалық прокуратура түсінігін қайта жазып береді, Ө.Мәмбетов алаңда бұзақылардың ұлттық сезімдерін қоздыратын ұрандарды айқайлап, ешкімді тыңдамауға шақырады» деп жазуды талап етеді.

Бөріне де көнбеген Алтай ақыры қызметтен қуылады. Үш жылдан астам әуре-сарсаңға түсіп, атасы – Мұхамеджан татқан түрменің де дәмін татады. Сол Алтайдың ісін алты рет қарап, ештеңе таппағандықтан қызметіне қайта оралады. «Осы бір қиын кезеңде басшылық тарапынан Басаров (Эрнест Өмірзақұлы – Ішкі істер министрлігінің бірінші орынбасары) пен Меңдешов (Рахым – іздегізру бөлімі бастығының орынбасары) қолдады. Ал папам жағынан Ө.Нұрпейісов, Ө.Жұмабаев, Ө.Кекілбаев, Ғ.Өңарсынова маған рухани демеу болды», - деп еске алады Алтай.

Жалғыз ұлының жазықсыздан жазықсыз істі болуын әкесі Қалтай аға мен анасы Фарида жеңгедің қаншалықты қинала көтергендігін жазып жеткізуді қолымынан келмейді. Ол түсінікті де.

18 желтоқсан күні сағат 16.00-де өнер және мәдениет қайраткерлері Р.Бағланова, Е.Серкебаев, Қ.Мұхамеджанов, Ө.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, Е.Рахмадиев, Т.Әбдікөвтер алаңға келіп, жастарды ақылға келуге шақырады. Бірақ бұларды ешкім тыңдамай, ақыры жазықсыз жастардың қаны төгілгені белгілі.

«Советская культура» газетінің (24 желтоқсан, 1987 ж.) бір санында: ... Драматургия Розова, Салынского, Макаенко, Мухамеджанова, Коломиния та открыто и страстно выступила против таких массовых явлений в застойный период как злоупотребление властью, карьеризм, коррупция, чванство, гражданская пассивность» - деп жазыпты. Қоғамдағы келенсіздіктерді әртүрлі дәрежедегі басшылардың «көңілдеріне қарамай шығарып» айтудан Қалаған тайған емес. Сондықтан да болар көрелмаушылықтың талай қаспатын көрген Қалаған еңкеймей, қайыспалы, қайта қатығыспен қалыптасып, жігерлене түсті. «Адамзаттың Айтматовымен» қазастың Қалтайының өмірі мен шығармалары гасырдан гасырға жете берері сөзсіз.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
ҚМУ профессоры, Қ.Мұхамеджанов
кітапханасының ғылыми кеңесшісі.

Күнімжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
«Қорқыттану және өлең тарихы»
ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми қызметкері.

Отандық сұаруашылығы ғылымының көрнекті өкілі Бақдәулет Асанбековтің өмірден озғанына да жыл өтті.

Бақдәулет Абибуллаұлы 1959 жылдың 2 қазанында Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдан да дүниеге келген. 1977 жылы орта білім беру мектебін бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Атаптан жоғары оқу орнын бітірген соң, оның бар саналы ғұмыры мен қызметі еліміздің су шаруашылығын және жер мелиорациясын дамытуға үлес қосумен байланысты болды. Әсіресе, оның жасампаз әрі жемісті еңбек ету кезіні Қазақ ұлттық аграрлық университетінде қызмет істеген уақытымен тығыз байланысты. Ол «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған кезінде көптеген ғылыми тақырыптар мен мақсатты бағдарламалардың ғылыми жетекшісі және жауапты орындаушысы болып, бірнеше магистранттар мен PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік етті.

Ғалымның қысқа, бірақ, жарқын ғұмыры ерен еңбекке, ғылыми жетістіктерге толы болатын. Ол 1988-1989 жылдары Новосібір қаласындағы Ресей Ғылым академиясы гидродинамика институтының аспиранты атанды. 1992 жылы кандидаттық диссертациясын қорғалды. 1995-2014 жылдар аралығында 75-тен астам ғылыми мақала, 3 оқу құралын, 12 әдістемелік нұсқаулық пен ережелер жариялап, КР су шаруашылығы саласының инновациялық дамуы бойынша 6 патент иегері атанды. Оның ғылыми еңбектері тек өз елінде ғана емес, басқа да шет мемлекеттерде жоғары бағаланды. Ғалымның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері өндіріске енгізіліп, мамандар мен қоғам тарапынан кеңінен мойындалды.

Ақпараттық технологиялар, математика, гидравлика және суағару реттеу салалары бойынша терең білімі бар маман ретінде ол бакалаврият, магистранттар мен PhD докторанттарға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеп, оларды оқу үдерісіне енгізіп, нәтижесінде студенттерге автокадада жұмыс істеуді меңгертті. Ол өзінің дәрістер курсын Қазақстан, сондай-ақ алыс және жақын шетел ғалымдарының инновациялық жетістіктерін есепке ала отырып, қазақ және орыс тілдерінде «Мелиоративтік қоры қондырғылар», «Гидротехникалық ғимараттар элементтерін жобалауды автоматтандыру», «Жайылымдарды ауылшаруашылық сумен қамтуға арналған заманауи сорғы-күш жабдықтары мен құрылғылары» пәндері бойынша оқыды. Су шаруашылығы жүйелері және гидро-техникалық ғимараттарды пайдалану мен құрылысы, жобалау, есептеу мәселелері, жер мелиорациясы мен су шаруашылығының озық талаптарына жауап берген.

Профессор Б.Асанбековтің ғылыми жұмыстары көпқырлы және су шаруашылығының сан алуан мәселелерін қамтыды. Ғалым перспективалық сорғы құрылғылары мен суағару суларын тазарту әдістерінің, ауылшаруашылық дақылдарын суарудың, су үнемдеу технологияларының авторы болып табылады.

Ол өмірінің әрбір кезеңінде ғылыми жұмыстарды жетекшілікке алды. Атап айтсақ, «АОҚ және басқа да ауыл шаруашылығы тұтынушыларын сумен қамтуға арналған су тоғандарындағы жылжымалы судан туындайтын қуат, жетекті



гидротурбиналық сорғы қондырғысын негіздеу мен әзірлеу», «Қазақстан суармалы жүйелерінің экономикалық тиімділігі мен дақылдардың өнімділігін арттыратын суармалы жерлерді сумен қамту өлшемдерін зерттеу және әзірлеу», «Көтермелі су саласын арттыратын ресурс сақтау технологияларын пайдалану арқылы жерасты көздерінен су көтеруге арналған жаңа пневмомеханикалық сорғы қондырғысын әзірлеу» жобаларын жүзеге асыруда үлкен жұмыстарға атсалысты. Сонымен қатар, гидравлика саласы бойынша республикалық олимпиадаларға қатысып, еліміздегі жоғары оқу орындары арасында жүзделі орын алып жүрген Қазақ ұлттық аграрлық университетінің студенттік командаларының жетекшісі болды.



Орталық Комитетке жетіп, 1964 жылы Қазақстан Орталық Партия Комитетінің октябрь Пленумында ОК-ның бірінші хатшысы Смаил Юсуповтың баяндамасында: «Совет шындығына қара күйе жаққан шығармалар» деп бағаланады. Сөйтіп, театр сахнасына дайындалып жатқан жерінен жабылады. Бұл жайлы Қалаған күнделігіне: «Бүгін Юсуповтың баяндамасында атымыз шыға бастады. Демек, бұл енді біраз дауға апарарды-ау» - деп жазыпты. Ет пен сүйектен тұратын жаңға Абайша айтқанда «мынмен жалғыз алысу» оңай болмайтыны бесенеден белгілі. Осындай сөздердің бірінде Қалаған күнделігінен: «Ал Тағала іштен де, тыстан да түсінетін адам таптырмай қор еттің-ау. Енді қайтсем екен?» - деген жолдарды оқыдым. Былай тарыққанын ешкімге білдірмей күнделігіне ғана жазғанына қарағанда Қалаған шығармашылық шабытын бәсеңдетпей өзін-өзі қайғарған-ау! Оның үстіне шығарманың он бойына еске болған 1937 жылдың қыргынын тарихтың жасыра алмайтынына деген сенімі де берік болған ғой.

Қалаған: «Айналайын Кеңес үкіметі, әкемді өздері аты, өздері ақтап берді» деген сөздерді жиі қайталайтын. «Біз періште емеспіз» пьесасының тағдыры да Қалағаның өзі айтқандай афоризм-

ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Есеполов басқарып отырған университетте жұмыс жасап, шәкірт тәрбиеледі. Оның жетекшілігімен және тікелей араласуымен бұрынғы техникалық шеберханалар қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден соң заманауи үлгідегі №7 және 8 оқу ғимараты қайта қолданысқа берілді. Гидротехникалық құрал-жабдықтар, сумен қамтамасыз ету, энергия көздерін жанарту, ауыл шаруашылығы мелиорациясы және жер рекультивациясы, су сапасы және сүзгі қондырғылары, гидрометрия секілді италиялық өндірістен шыққан заманауи құрылғылармен жабдықталған 11 зертхананы пайдалануға берді. Бұл зертханаларда студенттер, магистранттар мен PhD докторанттарға дәрістер жүргізіледі. Олардың көпшілігі осы зертхана жұмыстарының нәтижесінде ғылыми жобалар жасап, ғылыми конференцияларға қатысып, алған тәжірибелер нәтижесін диссертациялық жұмыстарына пайдалана алады. Мұндағы көп құрылғылар мен жазылған нұсқаулар, оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерге қатысты әдістемеліктер профессор Бақдәулет Абибуллаұлының өз қолымен жасалды.

Қазіргі таңда бакалавриат, магистрант және PhD докторанттарының оқу үдерісін «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының меңгерушісі, көрнекті ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор Есенгүл Қалыбекова басқарып отырған профессор-оқытушылар құрамы жүргізіп жатыр. Кафедрада 8 профессор, 9 доцент және оқытушылар мен докторанттар қызмет атқарады.

Университетте «Су мәселелері және жер мелиорациясы» институтының жа-

Алексей РАУ,

ҚУАУ Су проблемалары және жер мелиорациясы институты директоры, профессор,
КР ҰҒА академигі.

«СЕРПІН» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫ ҮМІТКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«СЕРПІН-2050» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ БОЙЫНША 10 СҰРАҚҚА ЖАУАП

«Серпін-2050» әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың қатарына кіреді. Стратегияға сәйкес дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі өзекті болмақ. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» әлеуметтік жобасын ұсынған болатын. Бұл жоба «Серпін-2050» деп аталады.

Осы ретте біз «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы бойынша 10 сұраққа жауапты ұсынып отырмыз.

- 1. Биылғы жылы неше грант бөлінді?**
– 2014 жылы «Серпін» жобасы бойынша – 2050, 2015 жылы – 6200, ал 2016 жылы 4312 грант бөлініп отыр. Оның 1150-і колледждерге, 3162-сі жоғары оқу орындарына.
- 2. Жоғары оқу орындарында гранттар қай салаға бөлінген?**
– Жоғары оқу орындары бойынша гранттар 4 салаға бөлінген: білім саласына 17 мамандық бойынша 1000 орын, техникалық ғылым саласына 32 мамандық бойынша 1717 орын, ауылшаруашылық саласына 8 мамандық бойынша 345 орын, медицина саласына 1 мамандық бойынша 100 орын.
- 3. ҰБТ-ның таңдау пәндері бойынша гранттар көбірек бөлінді?**
– Физика пәнін таңдаған талапкерлердің мүмкіндігі жоғары (1817 грант), одан кейінгі орында биология (675 грант), химия (210 грант), география (175 грант), қазақ әдебиеті (105 грант), жалпы тарих (95 грант), шет тілі (85 грант).
- 4. «Серпіннің» грантына кімдер қатыса алады?**
– Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының мектеп бітірген түлектері қатыса алады. Биылғы жылы заңнамаларға енгізілген өзгерістерге сәйкес жоғары оқу орындарына арналған гранттарға тек ауыл мектебін бітірген балалар қатыса алады. Ал колледждерге ауылдың да қаланың да балалары қатыса беруіне болады.
- 5. «Серпіннің» байқауына қатысу үшін құжаттарды қайда тапсыруға болады?**
– Жоғары оқу орындары үшін құжаттар жалпы конкур-



спен бірге бір жерде бір кезеңде қабылдана береді. Тек құжаттарды толтыру барысында таңдалатын 4 жоғары оқу орнының ішінде «Серпін» жобасын іске асыратын жоғары оқу орнын және сол университетте «Серпінге» берілген мамандықтарды көрсетуі қажет. Мына жайтты естен шығармаған жөн: «Серпін» жобасына жоғары оқу орындарындағы барлық мамандықтар қамтылмаған.

6. «Серпін» жобасы бойынша білім алып болғаннан кейін сол білім алған жерде 3 жыл жұмыс жасау қажет пе?

– Бұл мәселе бойынша нақты механизм қалыптасқан жоқ, зерделенуде.

7. Талапкердің грантты иемдену мүмкіндігі жоғары

болуы үшін қандай оқу орнын немесе мамандықты таңдау қажет? Қандай кеңес бересіздер?

– Барлығын конкурс шешеді. Қай жерде қатысушылар көп болса, сол жердің де балы жоғары болады. Мәселен, үлкен қалаларда, Көкшетау, Өскемен, Қарағанды қалаларында өту ұпайының балы жоғары болса, керісінше шағын қалаларда, Семей, Арқалық, Рудный, Теміртау, әсіресе Жезқазған қалаларында балдық көрсеткіш төмен. Мамандықтарға қатысты да солай. Танымал мамандықтар арасында конкурс жоғары болса, танымалдылығы аз мамандықтар бойынша төменгі балмен де грант иегері атанып жатқан мысалдар жеткілікті. Мәселен, өткен жылы 15 мамандық бойынша 50-55 балл жинаған талапкерлер грант иегері атанып

жатты. Бір ғана мысал келтірейік, баршамызға белгілі «Информатика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша гранттың ең төменгі балы 72 болды. Себебі компьютерді жақсы білетін талапкерлердің көбісі осы мамандықты таңдады. Сол себептен 70 балл жинағандар өте алған жоқ. Дәл сол кезеңде осы мамандыққа ұқсас, бірақ жастар көп біле бермейтін, «Есептеу техникасы және программалық жабдықтау», «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша 50-53 баллмен де грантқа түсіп кеткендер бар. Сол үшін де мамандық таңдаған кезде ұқсас мамандықтарды да көріп шыққан дұрыс. Сол саланың ішіндегі мамандықтарды қараған жөн. Әсіресе бұл жаңадан шыққан мамандықтарға қатысты. Оларға сұраныс аздау болады. Мүмкіндігінше 4 таңдаудың ішінде әр түрлі қалалар мен әр түрлі мамандықтар болғаны жөн.

Ең бастысы, талапкер қайда тапсыратындығы жөнінде шешімді өзі қабылдауы керек. Кей жағдайда ЖОО-ның өкілдері талапкерді құжаттарды өздеріне ғана тапсыруға үгіттеуі мүмкін. Бұл ретте әр жас өз болашағы өз қолында, өзі қабылдаған шешімге өзі жауапты екендігін ұмытпағаны жөн.

8. «Серпін» жобасы туралы толық ақпаратты қайдан алуға болады?

– «Серпін» туралы толық мәліметті www.serpın-2050.kz сайтынан және жергілікті газеттерден, әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардан алуға болады.

9. Қызылордада «Серпін» жобасы бойынша құжаттарды қайда тапсыруға болады?

– «Серпінге» қатысқысы келетін талапкерлерден құжаттар 23-31 шілде аралығында қабылданады. Құжаттарды қызылордалықтар Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың I оқу ғимаратына (Желтоқсан көшесі, 40) тапсыра алады. Онда жобаның арнайы өкілі Асанбаев Нұрлыбек (8 701 444 32 22) барлық сауалдарға жауап беретін болады. Сол ғимараттағы оқу орын өкілдері де кеңес беру жұмыстарын жүргізе береді.

10. «Серпін» жобасы бойынша конкурстың нәтижесі қашан және қайда жарық көреді?

– Жобаның нәтижесі жалпы конкурспен бірдей уақытта және сол жалпы конкурстың нәтижесі шығатын ақпарат құралдарында – республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарық көреді.

«Серпін - 2050» әлеуметтік жобасы бойынша 2016-2017 оқу жылына аймақтардағы оқу орындарына бөлінген білім гранттарының жобалық нұсқасы

Ақмола облысындағы Ш. Ұәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне 215 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 65 грант: математика – 5, физика – 5, химия – 10, биология – 5, тарих – 5, география – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 5, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 5, кәсіптік оқыту – 10, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану – 10.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 85 грант: биотехнология – 15, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 5, тау-кен ісі – 15, машина жасау – 15, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, қайта өңдеу өндірісінің технологиясы – 10, құрылыс – 10, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 65 грант: агрономия – 15, топырақтану және агрохимия – 15, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 10, аграрлық техника және технология – 25.

Ақтөбе облысындағы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне 150 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 80 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 5, дефектология – 10, математика – 10, информатика – 5, химия – 10, биология – 5, тарих – 5, география – 10, қазақ тілі және әдебиеті – 10, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 10.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 70 грант: ақпараттық жүйелер – 5, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 10, математикалық және компьютерлік модельдеу – 25, мұнай-газ ісі – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, құрылыс – 10.

Қостанай облысындағы А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне 145 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 105 грант: биотехнология – 10, ақпараттық жүйелер – 10, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 15, электроэнергетика – 15, технологиялық машиналар және жабдықтар – 20, азық-түлік өнімдерінің технологиясы – 10, қайта өңдеу өндірісінің технологиясы – 15.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 40 грант: агрономия – 10, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 10, аграрлық техника және технология – 20.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына 105 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 105 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 5, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 10, математика – 5, физика – 10, химия – 10, тарих – 15, құқық және экономика негіздері – 15, география – 10, қазақ тілі және әдебиеті – 15, кәсіптік оқыту – 10.

Рудный индустриалды институтына 122 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 122 грант: ақпараттық жүйелер – 20, тау-кен ісі – 17, металлургия – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 20, жылу энергетика – 15, электр энергетика – 10, технологиялық машиналар және жабдықтар – 15, құрылыс – 15.

Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына 154 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 154 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 10, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 9, педагогика және психология – 20, математика – 10, физика – 10, информатика – 10, химия – 10, биология – 10, тарих – 10, құқық негіздері және экономика – 15, география – 20, қазақ тілі және әдебиеті – 5, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 15.

Шығыс Қазақстан облысындағы С.Аманжолов атындағы ШҚО мемлекеттік университетіне 145 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 100 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 5, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 5, педагогика және психология – 5, дефектология – 10, математика – 5, физика – 5, информатика – 5, химия – 5, биология – 5, тарих – 5, география – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 10, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 10, кәсіптік оқыту – 10, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану – 10.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 45 грант: ақпараттық жүйелер – 5, материалтану және жаңа материалдар технологиясы – 15, қайта өңдеу өндірісінің технологиясы – 15, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10.

Д. Серікбаев атындағы ШҚО мемлекеттік техникалық университетіне 220 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 185 грант: автоматтандыру және басқару – 5, ақпараттық жүйелер – 5, математикалық және компьютерлік модельдеу – 20, Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау – 20, көлік, көліктік техника және технологиялар – 10, жылу энергетика – 20, техникалық физика – 25, құрылыс – 35, көлік құрылысы – 25, пайдалы қазбаларды байыту – 20.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 35 грант: су ресурстары және суды пайдалану – 35.

Шөкәрім атындағы мемлекеттік университетке 175 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 55 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 5, физика – 5, информатика – 5, биология – 5, география – 10, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 10, кәсіптік оқыту – 10, қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті – 5.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 85 грант: геодезия және картография – 15, машина жасау – 10, жылу энергетика – 10, техникалық физи-

ка – 10, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру – 10, азық-түлік өнімдерінің технологиясы – 10, қайта өңдеу өндірісінің технологиясы – 10, құрылыс – 10.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 35 грант: агрономия – 20, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 15.

Павлодар облысындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтына 130 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 130 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 10, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 5, педагогика және психология – 10, дефектология – 10, математика – 10, физика – 10, информатика – 10, химия – 10, биология – 10, тарих – 10, қазақ тілі және әдебиеті – 10, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 15, кәсіптік оқыту – 5, қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті – 5.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне 168 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 145 грант: автоматтандыру және басқару – 5, ақпараттық жүйелер – 5, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 15, машина жасау – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, аспап жасау – 10, жылу энергетика – 10, электр энергетика – 5, радиотехника, электроника және телекоммуникация – 10, бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, технологиялық машиналар және жабдықтар – 10, азық-түлік өнімдерінің технологиясы – 10, құрылыс – 15, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру – 5, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10, көлік құрылысы – 10.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 23 грант: агрономия – 13, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 10.

Солтүстік Қазақстан облысындағы М.Қозыбаев атындағы СҚО мемлекеттік университетіне 233 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 113 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 10, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 13, дефектология – 10, математика – 5, физика – 5, информатика – 10, биология – 10, тарих – 10, география – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 15, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 10.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 90 грант: ақпараттық жүйелер – 10, машина жасау – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, аспап жасау – 5, электр энергетика – 5, радиотехника, электроника және телекоммуникация – 20, азық-түлік өнімдерінің технологиясы – 15, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, құрылыс – 15.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 30 грант: агрономия – 20, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 10.

Батыс Қазақстан облысындағы М.Өтемісов атындағы БҚО мемлекеттік университетіне 70 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 70 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 10, математика – 5, физика – 10, информатика – 5, химия – 5, биология – 5, тарих – 5, география – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 5, шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі) – 10, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану – 5.

Жәңгірхан атындағы БҚО аграрлық-техникалық университетіне 157 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 40 грант: машина жасау – 5, аспап жасау – 5, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, құрылыс – 5, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру – 10, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 117 грант: агрономия – 22, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы – 15, балық шаруашылығы және өндірістік балық аулау – 10, аграрлық техника және технология – 25, орман ресурстары және орман шаруашылығы – 10, топырақтану және агрохимия – 15, өсімдіктерді қорғау және карантин – 20.

Семей қаласындағы мемлекеттік медициналық университетіне 50 грант: Медицина саласы бойынша келесі мамандықтарға 50 грант: жалпы медицина – 50.

Қарағанды облысындағы Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне 199 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 99 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 10, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі – 4, педагогика және психология – 10, дефектология – 10, математика – 5, физика – 10, информатика – 5, химия – 15, биология – 5, география – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 5, кәсіптік оқыту – 10, қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті – 5.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 100 грант: биотехнология – 10, ақпараттық жүйелер – 5, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, аспап жасау – 10, жылу энергетика – 15, Радиотехника, электроника және телекоммуникация – 10, бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы – 10, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 10, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10, фармацевтикалық өндіріс технологиясы – 15.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне 225 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 225 грант: автоматтандыру және басқару – 10, Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау – 15, мұнай-газ ісі – 20, металлургия – 15, материалтану және жаңа материалдар технологиясы – 25, машина жасау – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 10, жылу энергетика – 15, электр энергетика – 10, Радиотехника, электроника және телекоммуникация

– 10, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, технологиялық машиналар және жабдықтар – 10, құрылыс – 10, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру – 10, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10, стандарттау және сертификация – 20, пайдалы қазбаларды байыту – 20.

Қарағанды мемлекеттік индустриалды университетіне 160 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 160 грант: автоматтандыру және басқару – 10, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 10, металлургия – 20, материалтану және жаңа материалдар технологиясы – 20, машина жасау – 15, көлік, көліктік техника және технологиялар – 10, электр энергетика – 5, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, технологиялық машиналар және жабдықтар – 20, құрылыс – 15, материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы – 30.

Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне 50 грант:

Медицина саласы бойынша келесі мамандыққа 50 грант: жалпы медицина – 50.

О. Байқонуров атындағы Жезқазған университетіне 104 грант:

Білім саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 29 грант: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – 4, математика – 5, физика – 5, информатика – 5, қазақ тілі және әдебиеті – 10.

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 75 грант: тау-кен ісі – 15, Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау – 15, металлургия – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, электр энергетика – 5, технологиялық машиналар және жабдықтар – 5, құрылыс – 10, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 10.

Атырау облысындағы Атырау мұнай және газға 145 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 145 грант: автоматтандыру және басқару – 5, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 5, мұнай-газ ісі – 35, органикалық заттардың химиялық технологиясы – 5, электр энергетика – 10, технологиялық машиналар және жабдықтар – 10, көлік, көліктік техника және технологиялар – 5, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – 15, геодезия және картография – 40, Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау – 15, құрылыс – 10.

Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университетіне 40 грант:

Техникалық ғылым саласы бойынша келесі мамандықтарға барлығы 40 грант: биотехнология – 10, ақпараттық жүйелер – 10, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама – 10, электр энергетика – 10.

Талапкерлер назарына: тек жоғарыда көрсетілген оқу орындары мен осы тізімде бар мамандықтарды таңдасанды ғана «Серпін» жобасының конкурсына қатыса аласы!



ШЫРАҒЫҢ ӨШПЕСІН, БАҚЫТЫҢ КӨШПЕСІН

Бүгінде туған күн кешінде торттың бетіне балауыз шам жағып, оны өшіру дәстүрі кең етек алуда. Әсіресе, қалалықтар арасында баланың туған күнінде өз «шырағын» үрлеп өшіру мерекенің басты көрінісіне айналғандай дермісіз. Туған күн иесі неше жасқа толса, сонша шырақ торттың бетіне әсемделіп қойылады. Оны үрлеп өшірген бала да, келген қонақтар мен ата-ана да бұл рәсімге кәдімгідей қол соғатынын қайтерсіз?! Мұндай көріністі үйлену тойларында да кездестіретін болды. Жаңа отау құрған жастардың өз отын өздері үрлеп өшіргенді ырымға жаман сана-лады. Жалпы батыстың кейбір дәстүрі біздің өмірімізге қалай дендеп кеткенін білмей қалған сияқтымыз. Расында, бұл қайдан келді?

Деректерге сүйенсек, туған күнде тор-қа балауыз шам жағу үрдісі сонау грек халқына сүйенді екен. Ертееректе гректер «артеми» деп аталатын «ай құдайына» арнап төрт пісіреді де, үстіне балауыз шамдар-ды айналады жағатынға ұқсайды. Торттың домалықтығы – айдың домалықтығының символы болса, шетіндегі шамдар айдың жарығын еске түсіреді. Шамның түтіні сол жерде тілеген тілекті Ай құдайы – артимуска жеткізіп барады-мыс. Торттағы шамды көзді жұмып, іштей тілек тілегеннен кейін бәрін үрлеп өшіруіндегі мақсаты сол екен.

Ал біздің ұлтымызда «Шырағың өшпесін», «Шырағың жаным тұрсын», «Қыз қырық шырақты», «Шаңырақтың шырақшысы», «Қауіпті төңдіргенше, шырақты сендірме», «Көңіз шырақтай ашылсын», «Шырағың сенбесін, қауіп-қатер төбесің», «Шырағың өшпесін, бақыттың көшпесін» деген әдемі сөздер бар. Бұл – жай сөздер емес, ғибратқа толы өмірлік мәні бар тәлім-тәрбие. Ал тәлім-тәрбиенің негізгі отбасында қаланыпты белгілі. Бұл ретте біз қала тұрғындарының пікірін білген едік. Мәселен, екі баланың анасы Алмағұл Ақмешев балапандарының туған күнін ерек-

ше тойлағанды ұнатады. Көз қуанышы болған балаларына арнап арнайы тәтті пісіртіп, оның үстіне баланың жасына сай балауыз шамдар-ын орналастыру жылдағы дәстүрге айналған. «Мұнда тұрған ешнәрсе жоқ деп ойлаймын. Бала-ларымыз шаттанса, көңілдері көтерілсе бол-ды емес пе?! Өзім ырымға сене бермеймін». Ал көпбалалы ана Айсұлу Керімбекова әр баласының орны бөлек екенін айтады. Десе де өз дәстүрімізге жат нәрселерді баланың бойы-на сіңіруге қарсы. Ұяда алған тәрбиесімен оның өмірлік ұстанымы қалыптасатынын ай-тады. Сондықтан кейбір ата-аналар сияқты бала шаттығы үшін ұлттық құндылықтарды аяқасты етуге қарсы.

Расында, ұлттық құндылықтар бізге ата-бабадан мұра болып қалған. Оны сақтап, замана-нына сай дамытып отыру – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Десек те, алдымен өзгенің салты біз үшін қызық әрі тансық көрінісін рас. Сон-дықтан да болар, қызығушылық танытудан шаршамаймыз. Сөйтіп, батыстың бейтаныс дәстүрін өміріміздің бір бөлшегіне айнал-дырып жібергенімізді білмей қаламыз. Бұл мәселеге дін адамдары былайша көзқарас та-нытады.

– Біздің қоғамда тортқа шам жағуды көбіне батыстағыларға еліктеп жасап жатамыз. Өйт-кені, біздің салт-дәстүрде аталған әдет кез-деспеген. Сол себепті айтарымыз, қазақы дәстүрімізге және дінімізге жат әдеттерден бойымызды аулақ ұстаған жөн.

Әлемнің әртүрлі елдерінің туған күн тойлау дәстүрлерін біле жүріңіз. Норвегия, Швеция және Данияда ата-аналар мерекелік оқиға мен баланың туған күні екенін көрсету үшін үйдің сыртына жалау іліп қояды. Туған күндерде жасалатын бұл дәстүрлі мексикандық ойын-ды бүкіл әлемдегі балалар жақсы көреді. Бұл ойынның барысында көздері байланған ба-лалар таяқтың көмегімен палыс-малшен жасалған затты ол жарылып, ішінен көмпиттер

мен ойыншықтар шашырап түскенше ұра береді де, сосын балалар оларды маз болып жинайды. Азия елдерінде туған күн болғанда түскі асқа өте ұзын кеспе беріледі, ол сол отбасының баланың өмірі ұзақ болсын деген үмітін білдіреді. Кесіне Сіздің балаңызға тама-ша ас, өйткені оны қолмен жеуге болады. Гол-ландияда туған күн иесін арнайы безендірілген креслоға отырғызады. Отбасы мүшелері креслоны гүлдермен, таспалармен және ауа шариктерімен безендіріп, оны туған күн иесіне арналған мерекелік таққа айналдырады. Кәріс халқы «Толь» мерекесіне ерекше көңіл бөледі. «Толь» – баланың бір жасқа толған кезі, яғни алғашқы туған күні. Бір жасар балақайға туған күн мерекесінің құрметіне арнайы жібек ма-тадан мерекелік киім тігеді. Мерекенің басты сәті баланың болашағын болжау рәсімі бұл күнде де өз маңызын жоғалтпады. Кішкентай баланың алдына бірнеше заттары бар шағын үстел қойылады. Үстел үстінде жатқан әрбір заттың белгілі бір маңызы бар. Әдетте, арқан жіп, кітап, қалам, ақша, күріш, кеспе, т.с.с. дүниелер, сондай-ақ қыздар үшін қайшы, ұлдарға арнап қанжар немесе садақ қойылады. Балақай үстелге жақындап, қалаған дүниесін алуы керек. Егер де ол арқан жіп не кеспе алса, оның ғұмыры ұзақ болады. Кітап я қалам таңдаса, болашақта зор ішнді қызметте бола-ды. Күріш не ақша таңдаған балақай келешекте байлыққа кенеледі. Қанжар не садақ таңдаған ұл бала ержеткенде сарбаз, ал қайшы таңдаған қыз үй шаруасына пысық болып өседі. Кәріс халқы үстел үстіне қызыл бұршақты бекерден-бекер қоймайды. Нанымы бойынша, қызыл бұр-шақ қолын тигізген бала «қызылша» ауруы-на шалдығатынын. Сондай-ақ, қоры халқы қызыл түстің құдіреті бар деп есептейді. Бұл түс жып-пері мен бәле-жаланы қашырады де-ген көне сенім бар.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

● БІЗДІҢ ҚАЛА

АЯЛДАП ТҰРЫП, ОҚИ ЖҮР!



Жүзінен иман төгілген Шәкәрім мен ұлы хакім Абай да, Абайды әлемге танытқан Мұхтар да, Алаш зиялысы Сәкен де, жергілікті ақын-жазушылар да сіздің көз алдыңызда. Қазақтың қаймағы қалқыған Сыр халқы мен елге келген әрбір қонақ аялдамада тұрып, ұлылар салған сопақтан хабарлар бола алады. Қазақтың көсегесін көгертіп, ұлылығын паш еткен тарланбоз таланттардың өміріне қаныға ала-ды. Аялдамада автобус күткен уақытты текке өткізбей, көкірек көзін оятып, әдебиет майталмандары мен сөз зергерлерінің кім болғанын, қайда өмірге келгенін білуге таптырмас мүмкіндік.

Шаһардағы балабақшалардың бірінде қызмет істейтін Айгерім Алшымбаеваның (суретте) диттеген жеріне жетер қоғамдық көлікті күтіп тұрғанына біраз уақыт болды. Алайда, осы уақытты шекілдеуік шағып немесе музыка тыңдап емес, жазушы, ғалым Абдулхамит Мархабаевтың өмірдеріне қанығып тұр. «Бұрын-соңды есімін оқып-білгенім болмаса, тереңірек бойламаппыз. Аялдамада адамдар сабы-лып автобус күтіп тұрғанда мұндай деректерге мән бере бермейді. Тек суреттерді көзбен бір шолып шығуы мүмкін. Сондықтан бұл жақсы дүние екен. Сәкеннің, Мағжанның, Шәкәрім мен Абайдың өмірін әр ұрпақтың біле жүргені жөн. Әсем қаланың заманауи аялдамалары жұртқа көптен, сан сайлап қана қоймай, енді тағайын рухын оятып, көкірек көзін ашуына атсалысатынына сенемін» дейді А. Алшымбаева.

Жібек жолы бойындағы аялдама Абайдың қара сөздері жазылған. Демалыс орнын аралап, серуендеп жүрген жұртшылық оған да бір сәт көз жүгіртірі анық. Аялдамада ұлылар өміріне қаныкса, мұнда даналық ойлардан сусындайды. Сыр елі тіршілік қазынында рухани мұраларын ұмытпайды, керісінше, ұялтайды. Мұны құнары мол қазақы сөзге тұнған аялдаманың өзі-ақ айтып тұрғандай.

Дәулет ҚЫРДАН.
Сурет: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

● ТЫҢ ТУЫНДЫ

МЫҢ ҚҰМЫРСҚА ЖӘНЕ БІЗ



Шығармашылық иесі қай кезде де ой үстінде жүреді. Жерлесіміз, қаламгер, та-нымал журналист Нұрғөре Жүсіптің жуырда оқырманға жол тартқан «Мың құмырсқа және біз» атты кітабы осы сөзіміздің дәлелі.

Қазақ қоғамының тіршілік тамыры қалай бүлкілдеуде? Саяси, әлеуметтік, рухани өмірдің ақсап тұрған тұсы қайсы, көңіл бірлертер көрі-несі ше? Бұл сурақтарға «Мың құмырсқа және біз» жауап беріп қана қоймайды, қисықты түзетудің жолын көрсетеді. Кітапқа алғысөз жазған ҚР Жазушылар одағы-ның төрағасы Нұрлан Оразалардың сөзімен айтсақ: «Ол өміріміздегі өткір проблемалардың қай-қайсысын да қат жербермейді. Оның қалып блмейтін қаламы төрткүл дүниеде болып жататын үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты оқиғалар мен өзгеріс, жаңалықтарды тез көріп, тез қорытады. Әрі қысқа, әрі нұсқа жазыды».

«Мың құмырсқа және біз». Автор кітап атауын неге бұлай қойды екен? Су жана дүниені қолына алған оқырман басына ең бірінші келер сауал – осы. Құмырсқа мен көбелең ба? Қандай байланыс бар? Біз осы суракқа жауап таба алсақ, онда кітаптың мазмұнын таны-тып, көтерер жүгін көрсете алғанмыз.

«Атлант мұхиты үстінде мың құмырсқа қалқып келеді. Жай келе жатқан жоқ: қыз-қыз қайнаған тіршілік, дән та-сып, жапырақ арқалап, жұмысқа жетіліп, асау толқыға

жанталаса қарсылық көрсетіп, не керек, өмір мен өлім арасында арпалысып жатыр» деп басталады кітаптағы «Мың құмырсқа және біз» ой-толғау дүние. Сөйтеді де, бұл жәндіктің мұхит үстінде шашырап кетпей, аман қалу үшін бір-бірімен аяқ жалғап жағаға жететіндігін айтады. Құдайдың құдіретіне таңданып автор осыдан соң қазақтың басындағы қасіретті тілге тиек етеді. Ұлттық идеямыздың жайын тізбелейді. Мың құмырсқаның тірлігіне тірек болған бірліктің қазақты жоқтығына налдиы. «Қазақ қалай аман қалып, қалай көбейеді?» деген сауалды ортаға та-стап, құмырсқа құрлы қасіетіміздің жоқтығына күйінеді. «Бір біріне аяқтарын жалғап, суға батпаса, қарап жатпаса қалып құрған мың құмырсқа сияқты біз де бір әрекет қыла аламыз ба?! Жөк әлде, жаһандандудың жойқын толқынына жұтылып кете барамыз ба?! Бір қазақты екінің қазақтың демеуі социальлық қиын ба?!» дейді қаламгер. Дейді де, «қазақ үшін ұлттық идея – аман қалу және көбею болу ке-рек» деген тұжырым жасайды.

Мінекей, «Қазақтың күні», «Замандас», «Ұрпақтың үні» бөлімдерінен тұратын кітап қазақтың зары мен мұңын айтып, бары мен жоғын түгетпейді. «Қайран Ыбырай-ай» деп ардақтыларымыз салған жолды көрсетеді, «Абайдың тілін неге алмаймыз?» деп күйінеді. Акселеу Сейдімбек сынды қазақтың асылдары туралы толғанып, олардың өмірінен өнеге-тәлім тереді. «У шесен руымен» дейтін қазақтың бұрынғы бейнесіне тоқталып, бейнетін оқырман назарына ұсынады. Мұның бәрі «қазақтың аман қалуы мен көбеюіне» бағдар жолдағы тірліктің бастап өткеріп жатқан нәрселері. Осылайша автор иі қанбаған ұлттық идеяға шығар жолды құмырсқаның иелуінен іздеу керектігін ұқтырады. Біздің айтапығмыз – осы, келесі ке-зек сізде, құрметті оқырман.

Нағымжан САУЯЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Нұрсат Бауыр және Қ» ЖШС өзінің келісім аймағында дахалық МОГТ-2Д сейсмобарлау жұмыстарын жүргізу, техникалық және оған қатысты ҚОББ (қоршаған ортаға әсерін бағалау) жұбасын мемлекеттік экологиялық сарапта-ма қарауына ұсынады.

Барлық сурақтар бойынша мына мекен-жайға хабар-ласуға болады:
жұбаны орындаушы - «Азимут Энерджи Сервисес» АҚ, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, тел.: (87272) 59-66-66;

тансырыс беруші - «Нұрсат Бауыр және Қ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Шымкент қаласы,Теле би көшесі 25-үй, тел.: 8 7252 54 91-22.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

«Беларусь Республикасында жасалған» АРНАУЛЫ БАГДАРЛНАМАСЫ СТАРТ АЛДЫ

✓ белорус ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының лизингті кезінде мөлшерлемне 3,66%-ға төменірек

✓ лизинг мерзімі 5 жыл

✓ алғашқы лизингтік төлемі 15%

✓ негізгі борыш пен сыйақы тоқсан сайын төленеді

WWW.KAF.KZ

Біздің мекен-жайымыз:

“ҚазАгроҚаржы” АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы Қызылорда қ., Қонаев көш., 33, 2 қабаң Тел.: +7 (7242) 55-13-00, 55-13-02 e-mail: kzl@kaf.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ ТЕГІН CALL-CENTER 8 8000 80 70 80



«Мадияр» заң кеңсесі

2006-2008 жылдары «Альянс-Банитен» алған кредит бойынша Алматы қаласының төрелік сотының (третейский суд) шығарған шешімін даулауға құқықтық көмек береді.

Байланыс тел.: 8 777 042 62 62.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазқум-Ордазы» ЖШС (БИН 100540012894) 2010 жылы бекітілген 18544576 (он сегіз миллион бес жүз қырық төрт мың бес жүз жетпіс алты) теңге жарғылық капиталын 250000 (екі жүз елу мың) теңгеге дейін азайтатынын хабарлайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсын» АҚ компаниясы барлық құрылыс, көлік, мұнай өндіру және басқа компаниялар мен кәсіпорындардың басшыларының назарына «Құмкөл-Арысқұм-Жосалы» магистральды мұнай құбырының Қарағанды облысы Ұлытау ауданының, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағымен өтетінін жеткізеді. Магистральды құбырларды қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсын» АҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз қорғау аймақтарында (құбырдың екі жағынан 25 м) қандай да бір жұмыс түрлерін жүргізбеулеріңізді сұраймыз.

Автокөлік егетерлерінен және жакын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарының құбыр өтетін жолға тауу жердегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін сақтауларын, құбыр желісінің бүтіндігін бұзбай қорғауларын және қорғау аймағында тек белгіленген автожолмен жүрулерін сұраймыз.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсын» АҚ Басшылығы.

● ІСМЕР

БОС ҚҰТЫДАН ӘСЕМ БҰЙЫМ



Елмен етене араласа жүріп, халқымыздың колонері-мен шұғылданатын ісмер жандары насихаттағымыз келеді. Алайда, бұрынғыдай ұрышқ иіріп, киіз баса-тындар қатары сіресеңіз секілді. Ауылдарға барған кездерімізде сұрастырамыз ғой, көбісі күмілжі жауап береді. Өмір тынысына сай, кейінгі шыққан заттарды қалаға жарата отырып, өзгеше дүниелер жасай-тыны кейінгі толқын өкілдері де бой көрсете бастады. Солардың бірі – жанакорғандық Гүлназ Батырханқызы. Бұрыннан да қолының еп-себі бар бойжеткен боса-ған пластик құтылардан колонер бұйымдарын жа-сауға бейімделе бастады. Әуеліде тек ермек үшін киюластырса, сонғы айларда мұнысы кәсіптің бір түріне айналып келе жатқан секілді. Ол өзі балабақшада тәрбиеші болып қызмет жасайды. Сәбилердің мекеніне де оның жасаған әсемдік заттары көрік беріп, кейінгі уақыттарда тіптен суранысқа да не бола бастағандай.

– Аманнан тігіс тигуді үйренген едім, содан болар бір нәрсені ойлап тауып, соны жасағаныша дамыл тап-пайтын әдетім бар. Мәселен, түрлі сусындардан босаған пластик құтылардан түрліше заттар жасауға болады екен. Оны журналдардан оқып білсем, интернет желісі арқылы да бұл икемділігіңді жетілдіруге мүмкіндік

молаятындығын аңғардым. Көбіне бос құты, ермексез, биіссер, қағаз, газет қиындыларын қолданым. Мыса-лы, мына тауыс құсын жасауға жүз бөсеке кетті. Олдан бөлек, тотықсу, қоға арасындағы тырна, сан түрлі гүлдер жасалды. Әдемі бояуларды пайдаланамыз. Мы-наны қараңызшы, тал бұтақтарына қонған мына тор-ғайлар тірі, әсем әуездетіп тұрған секілді көрінбей ме?!

– дейді Гүлназ. Расында, Гүлназдың қолынан шыққан әсемдік бұйымдар көзін жауын алады. Әсіресе, аквариумға керемет көріңді. Майда моншақтардан құрастырып, түрлі суреттерді безендірсе, ұлттық музыкалық аспабымыз домбыраны да жанаша көркемдеген. Әзірге отызға тар-та колонер туындысын жинақтап отыр. Алдағы күндерде өз шеберлігін арттырып, балалардың тағамына сай небір кереметтерді ұсынарына сенім мол. Бұл кәсіпін біздің кейіпкеріміз әзірге қол бастағы ермек-хобби ретінде сезінгенімен, оның қолынан шыққан дүниелерге қызығып қолқа салушылар қатары да күнінен күнге мо-лайып келеді.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жанакорған ауданы.

● СПОРТ

СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ТОП ЖАРДЫ



Сыр спортының алдағы уақытта Үндістанның Дели қаласында жастар арасында өтетін Азия чемпионатында ел абыройын асқақтатсам дейді. Ол осы сыйастан кейін ересектер арасында өнер көрсететін болды. Дүбірлі додада Жаксыбек Жәнібек І орынды иеленсе, тағы бір спортшымыз Бауыржан Жауынғаев қола жүлдеге қол жеткізді.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ЖҮЛДЕСІ

Жалаңтөс баһадүр атындағы спортта дарынды ба-лаларға арналған мектеп-интернатының Нұрай Мұратқызы Якутияда өткен “Азия балалары” чемпио-натында таэквондодан 44 келі салмақта бас жүлдені иеленді. Төрт жылда бір мәрте ұйымдастырылатын дест-түрлі додаға елімізден 220 жасөспірім қатысқан бола-тын. Топтық қорытынды бой-ынша Қазақстан үздік үштікті түйіндеп отыр.

Азияның 38 мемлекетінен спортшылар бас сынасқан байрақты бөсекке жерлесіміз Нұрай Мұратқызы алдымен қытайлық спортшымен жек-пе-жекте күш сынасып, қарсыласын қапы қалдырды. Онан соң Филиппин, Корея мемлекеттерінің спортшыларынан басым түсті. Ал шешуші кезеңде Тайланд спортшысымен сынга түскен қазақ қызының айла-тәсілі қарсыласын қапы қалдырды. Таэквондодан спорт шебері атанған Нұрай Мұратқызы бас жүлдеге маңдай тердің жемісімен келгенін жеткізді.



Дәулет ҚЫРДАН.